

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ 797. 21:796. 015(574)

Қолжазба құқығында

ЕРМАХАНОВА АМИНА БАХИТОВНА

Мәнерлеп жүзуден алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе негізінде фитнес құралдарын қолдана отырып, спорттық резервті даярлауды оңтайландыру

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт

Философия докторы
Дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация (PhD)

Ғылыми кеңесшілер:
педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент Д.К. Нұрмұханбетова

П.Ф. Лесгафт атындағы Ұлттық мемлекеттік
дене шынықтыру, спорт және
денсаулық университетінің
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор А.И. Крылов

Қазақстан Республикасы,
Алматы 2018

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	8
КІРІСПЕ	9
1 МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ	17
1.1 Қазақстан Республикасында мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ жұмысын ұйымдастыру мен оның әдістемелік ерекшеліктері.....	17
1.2 Мәнерлеп жүзумен шұғылданушы жас спортшы қыздардың физиологиялық ерекшеліктері	19
1.3 Бастапқы даярлық (БДТ) және оқу-жаттығу топтарында (ОЖТ) спорттық резервті даярлаудың бағдарламалық және нормативтік негіздеріне шолу жүргізу.....	28
1 тарау бойынша тұжырым.....	46
2 ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ	48
2.1 Зерттеу әдістері	48
2.1.1 Зерттеу мәселесі бойынша арнайы ғылыми-әдістемелік әдеби деректемелерге сараптама жүргізу және жалпылау.....	48
2.1.2 Антропометриялық өлшеулер	48
2.1.3 Медициналық-биологиялық өлшеулер.....	49
2.1.4 Педагогикалық бақылау.....	52
2.1.5 Педагогикалық эксперимент.....	53
2.1.6 Сауалнамалық сұрау.....	53
2.1.7 Денелік және техникалық даярлықты тестілеу.....	54
2.1.8 Дене құрылымдарына талдау жүргізу.....	57
2.1.9 Алынған нәтижелерді математикалық өңдеуден өткізу.....	58
2.2 Зерттеудің ұйымдастырылуы.....	58
2 тарау бойынша тұжырым.....	60
3 БЖСМ-ДЕ МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮШІН ФИТНЕС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ	61
3.1 Мәнерлеп жүзуден жалпы дене даярлығы бойынша бағдарламаны жетілдірудің алғышарттары.....	61
3.2 Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлаудың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасының сипаттамасы	64
3.3 Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасын қолдану сабақтарының құрылымы мен ұйымдастырылуы.....	77

3 тарау бойынша тұжырым.....	90
4 БЖСМ-ДЕ МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮШІН ФИТНЕС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	91
4.1 12 жас және одан кіші жасанаттағы мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың педагогикалық эксперимент барысында дамуының морфофункционалды көрсеткіштері динамикасының сараптамасы.....	91
4.2 Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың педагогикалық эксперимент барысындағы дене және техникалық даярлығы көрсеткіштерінің динамикасы.....	106
4.3 ҚР спорт резерві мен мәнерлеп жүзу бойынша құрама команда спортшылары дене құрылымдарының салыстырмалы сипаттамасы.....	116
4 тарау бойынша тұжырым.....	122
ҚОРЫТЫНДЫ.....	125
ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР.....	128
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	129
ҚОСЫМШАЛАР.....	144

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Берілген диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер жасалған:

«Дене шынықтыру және спорт» жайлы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 11 мамырдағы № 65-VI бұйрығымен толықтырылған 2014 жылғы 03 шілдедегі №228-V заңы [1].

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (2016 жылғы 09 сәуіріндегі толықтырулары мен өзгертулері) [2].

«ҚР дене шынықтыру және спортты дамытудың 2025 жылға Тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 11 қаңтарындағы Президенттің №168 Жарлығы [3].

«2016–2019 жылдарға Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылдың 01 наурызындағы №205 жарлығы [4].

«Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыратын түрлі дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының тізбесін және олардың қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығы (2016 жылғы 19 мамырдағы толықтыруларымен өзгертулері) [5].

«2025 жылға дейін Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спортты дамыту Тұжырымдамасын іске асыру бойынша шаралар жоспарын бекіту туралы (бірінші кезең - 2016 – 2020 жылдар)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі №203 қаулысы [6].

Елбасының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы.

Денешынықтыру және спорт ұйымдарының бойынша Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерінің жинағы: Алматы, 2015ж. [7].

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Қимыл амплитудасы – нақты бір заң бойынша тербелістер жасайтын нөлдік көлем мәнінен үлкен ауытқу (спортшы денесі, оның бөлімі, спорттық снаряд) [8].

Антропометрия – өзгерімділігінің сандық сипаттама беруге мүмкіндік беретін жасының, жыныстық, нәсілдік және оның басқа да дене құрылымының ерекшеліктерін бекіту мақсатымен адам денесі мен оның бөлімдерін өлшеу бойынша антропологиялық зерттеудің негізгі әдістерінің бірі.

Биологиялық жасы - ағзаның морфологиялық және физиологиялық дамыту дәрежесін көрсететін ұғым [8].

Бейнелі қимылдар геометриясы– мәнерлеп жүзуден спортшылардың геометриялық шеңбер, шаршы, доға және т.с.с. сәйкес пішіндерді айқын орындауын сипаттайтын ұғым.

Гимнастика–денсаулықты нығайту және ағзаны үйлесімді денелік дамыту үшін қолданылатын арнайы дене жаттығулары мен әдістемелік амалдар жүйесі. Гимнастиканың бірнеше түрлері бар [9]:

Атлетикалық гимнастика - әртүрлі бұлшық ет топтары үшін салмақ түсіретін және қарсылықтарымен жаттығулар қолдану жолдарымен айналысатын жан-жақты денені дамыту және сауықтыруға бағытталған дене тәрбиелеу құралдарының бірі.

Әскери-қолданбалы гимнастика - әскери парызды сәтті орындауға арналған дене қасиеттері мен қолданбалы машықтарын жетілдіруге бағытталған гимнастикалық жаттығулар жүйесі.

Гантель гимнастикасы - гантельдермен орындалатын жаттығу жүйелері. Барлық жас ерекшелігіндегі адамдар үшін жалпыға қолжетімді бұлшық еттің барлық топтарын үйлесімді дамыту құралдарының бірі (жүктеме жеңілірек мөлшерлеп беріледі).

Гигиеналық гимнастика - күнделікті сауықтыру және денелік дамыту мақсатымен орындалатын әртүрлі гимнастикалық жаттығулар кешені.

Емдік гимнастика - әртүрлі патологиямен байланысты емдік және алдын алу мақсатында қолданылатын дене жаттығулары жүйесі. Әр алуан сырқаттардың алдын алу және оларды емдеу мақсатында белгілі бір мүшелер мен ағза жүйесіне әсер ету құралы ретінде гимнастикалық жаттығулардың арнайы іріктеліп алынған және қатаң мөлшерлі кешендері кеңінен қолданылады.

Негізгі гимнастика - жан-жақты үйлесімді даму, денсаулықты нығайту және қимыл қызметтерін жетілдіру мақсатында қолданылатын дене тәрбиесінің аса тиімді құралы. Оның құрамы жүру, жүгіру, сап түзеу, жалпы дамытатын және қолданбалы жаттығулар, тепе-теңдікке арналған жаттығулар, лақтыру, сырғу, гимнастикалық жабдықтармен орындалатын қарапайым жаттығулар.

Өндірістік гимнастика - жұмыс күні басталғанға дейін (кіріспе гимнастика) немесе денсаулықты, ағзаның тіршілік әрекетін жақсарту үшін, жұмысқа қосу, шаршауды жою, еңбек өнімділігін арттыру үшін күні бойы (дене шынықтыру үзілісі) орындалатын іріктеліп алынған гимнастикалық арнайы жаттығулар кешені.

Кәсіби-қолданбалы - кәсіби қызметтердің жоғары өнімділігі үшін де, сонымен қатар таңдап алынған кәсіпті сәтті игеру үшін қимыл ерекшеліктерін дамыту және жетілдіруге бағытталған әртүрлі гимнастикалық жаттығулар кешені.

Спорттық гимнастика - спорттың негізгі түрлерінің бірі, еркін жаттығулардан тұрады, тірек секірулері мен снарядтардағы жаттығулар (маңдайшада, параллельді қоссырық, сақина, ат – ерлерде; әртүрлі биіктіктегі сырықтар, бөрене- әйелдерде).

Спорттық-қолданбалы гимнастика - максималды спорттық нәтижелердің олардағы жетістігіне ықпал ететін спорт түрлерінен жалпы және арнайы дене даярлығының құрамды бөлігі.

Кәсіби қолданбалы гимнастика – құрал-жабдықтармен және оларсыз ациклді сипаттағы музыкалық сүйемелдеумен орындалатын би, пластикалық, ырғақты элементтерді өзіне енгізіп алатын күрделі үйлесімді спорт түрі.

Көркем қолданбалы гимнастика - спорттың басқа да түрлеріне спортшыларды даярлау кезінде қолданылатын көркем гимнастика элементтері.

Гипоксия – ағзаның оттегімен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі және (немесе) оның тұтынылуынан жеке мүшелер мен ұлпалардың бұзылысы кезінде туындайтын оттегі жетіспеушілігінің күйі.

Есу – мәнерлеп жүзуде - жас спортшы қыздардың қозғалуына, сонымен қатар статикалық күйінің сақталуына ықпал ететін судағы қолдың қозғалысы. Есу денеге қатынасымен және кәрі жілік-білезік буынында бұғу бұрышының қол жағдайымен ерекшеленеді:

«каноэ» есу – кеуде тұсында жазық-стандартты есу бастың алға жылжуына арнайы қолданылады;

кері есу - білезіктің бүгілген күйі арқылы орындалады. Жас спортшы қыздардың арқамен басын алға қозғалтуы үшін қолданылады;

тіректі есу - «Тік» жағдайда жазық есу, қолдардың біршама алға созулы. Спортшы қыздардың денесін тік ұстауына мүмкіндік береді;

жазық есу - білезік күйіне тән. Негізінен жас спортшы қыздардың әртүрлі күйде арқамен денесін ұстау үшін қолданылады;

аралас есу - «Каноэ» есуді қараңыз;

стандартты есу - білезігінің түзетілген жағдайына тән, жас спортшы қыздардың арқамен аяқтарын алға жылжытуы үшін қолданылады.

Топ - мәнерлеп жүздегі техникалық және еркін бағдарлама түрлері, жас спортшы қыздардың бағдарламалық топтарды (4-тен 8-ге дейін) мәнерлеп орындауы.

Топтау – мәнәрлеп жүзу ұстанымы: арқамен немесе кеудемен судың бетінде біршама бұрышта, екі аяқ та тізе және жамбас буындарында бүгілген (жамбас су бетіне көлденең, жіліншік суда жатыр).

Кері топтау: көкірек су бетіне біршама көлденең, екі аяқ та тізе және жамбас буындарында бүгілген, жамбас су бетінде.

Тығыз топтау: арқамен, сан қатты бүгулі, тізелер кеудеге тартылған, табан созулы, сан су бетін бойлай, арқа бүкшиген, бас сәл алға иілген.

Өкпенің тіршілік сыйымдылығы (ӨТС) - барынша дем алып, дем шығарған кездегі ауаның көлемі [10].

Жыныстық жетілу - (сонымен қатар пубертатты кезең немесе пубертат) кейін есейіп, ұрпақ жалғастыруға қабілетті болатын жасөспірімнің ағзасындағы өзгеріс үрдісі.

Күштік төзімділік - бұлшық еттің бұл қабілетін күште бұлшық ет қысқартуларын маңызды түрде жоғалтусыз ұзақ уақыттар ішінде максималды күш тудырады. Анаэробты-гликолитті қуатпен қамтамасыз етудің есебінен басым түрде орындалатын 3-4 минутқа дейінгі ұзақтылығымен максималды қуаттың жұмысы кезінде шаршауға қарсы тұратын қабілеті деп айтуға болады.

Физиометрия - функционалды көрсеткіштерді өлшеу (спирометрия – өкпенің тіршілік сыйымдылығы, динамометрия –қолдың бұлшық ет күшін өлшеу) [8].

Дененің дамуы - өсімнің динамикалық үрдісі (бойдың ұзындығы мен дене салмағын арттыру, ағза мүшелері мен жүйелерін дамыту) және баланың белгілі бір балалық кезеңінде биологиялық дамуы.

Фитнес - бұл дене пішінін және оның салмағын, қол жеткізілген нәтижеге көп уақытқа дейін бекітуге, өзгертуге мүмкіндік беретін сауықтыру әдісі. Ол дұрыс іріктеліп алынған емдеуді үйлестіре отырып, дене жаттығуларын қосады.

Хронологиялық жас ерекшелігі (күңтізбелік, төлқұжаттық) – ағзаның даму факторын ескермейтін жас кезеңі.

Эксперимент - (латынша. experimentum - сынама, тәжірибе), сонымен қатар тәжірибе, ғылыми әдісте - бақылаушының басқаратын жағдайларында кейбір құбылыстарды зерттеу. Бақылаудан зерттеліп отырған нысанмен белсенді өзара байланысымен ерекшеленеді. Әдетте ғылыми тәжірибе болжамды тексеру, феномендер арасындағы себептік байланыс орнату үшін, қызмет пен ғылыми зерттеулер аясында жүргізіледі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ДДСҰ - Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы
ЖСШ - жоғары спорттық шеберлік
БДТ - бастапқы даярлық тобы
БЖСМ - балалар мен жасөспірімдердің спорттық мектебі
ӨТС - өкпенің тіршілік сыйымдылығы
ДСИ - дене салмағының индексі (Кетле салмақтық-бойлық индексі)
БТ - бақылау тобы
СШҰ - спорт шеберлігінен үміткер
ЕДШ - емдік дене шынықтыру
ҚМК - қанның минуттық көлемі
ТЖ –тыныс жиілігі
ОМҚ - оттегіні максималды қолдану
СШ - спорт шебері
ХДСШ - халықаралық дәрежедегі спорт шебері
КҚК- кеуде қуысының көлемі
ЖДЖ - жалпы дамыту жаттығулары
ОЕЦ- овариалды-етеккір циклі
ЖДД - жалпы дене даярлығы
ӨБ – өлшем бірліктері
ОРМБЖСМ - олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі
СЖ - спорттық жетілу
ЖҚЖ– жүрек-қантамыр жүйесі
КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
АТД - арнайы техникалық даярлық
АДД - арнайы дене даярлығы
АҚҚ – артериялық қан қысымы
ТД - техникалық даярлық
ҚСК - қанның соққы көлемі
ОЖТ- оқу-жаттығу топтары
ОЖҰ - оқу-жаттығу үрдісі
ОЖЖ - орталық жүйке жүйесі
ЖСЖ - жүрек соғу жиілігі
ЭТ - эксперименталды топ
ХОК – халықаралық олимпиада комитеті
ҚҒТ – кешенді ғылыми топ
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмыстары
FINA – Халықаралық жүзу федерациясы
Х̄- арифметикалық орташа белгі
t - орташа шамалар айырмаларының нақтылық өлшемдері
Р - орташа шамалар айырмаларының нақтылық дәрежесі
n – сыналшылар саны
m - сарапшылар саны

КІРІСПЕ

БЖСМ (балалар мен жасөспірімдер спорттық мектебі) – спорттық резерв даярлығын жетілдіруге, жас спортшылардың спорттық шеберлігін шыңдауға және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жоғары топтағы спортшыларды даярлаудағы бірінші кезең [4]. Атырау қаласын қоспағанда, Қазақстанның барлық облыстарында 2016 жылдағы жағдайлар бойынша 451 БЖСМ қызмет етті, соның ішінде 145 (33%) олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі (ОРМБЖСМ). БЖСМ саны мен айналысатындардың қатары (298,6 мың бала) өсу беталысын сипаттайды [11], алайда 1991 жылдың деңгейіне (617 БЖСМ болған еді) еліміз әлі де жете қойған жоқ. Жағдайларды жақсарту мәселелері жоғарғы үкімет органдарымен бақыланады: дені сау ұлтты қалыптастырудағы маңызды фактор ретінде дене шынықтыру және спорттың рөлі мен орнының дамуына ықпал ететін «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 03 шілдесіндегі №228-V Заңы қабылданды; «ҚР дене шынықтыру және спортты дамытудың 2025 жылға Тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 11 қаңтарындағы Президенттің №168 Жарлығы берілді [1,3].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі - мәнерлеп жүзуден спортшы қыздардың қимыл өнеріндегі сайыстық іс-әрекеті басым келетін және бағаламасы ретінде барлық уақытта күрделеніп отыратын, міндетті бейнелі қимылдар мен ерікті бағдарламаларды орындау техникасы қарастырылатын күрделі-үйлесімді спорт түрі ретінде қарастырылуында. Бұдан басқа, соңғы жылдары жарыстар саны көбейіп, жарыс ережелері жетілдіріліп отыр және мұның барлығы жаттықтыру үрдісін жоспарлау мен өткізу сапасымен байланысты мәселелерге ғылыми зерттеу жүргізуді талап етеді.

Мәнерлеп жүзуші қыздардың ірі спорттық жарыстарда сәтті өнер көрсетуін қамтамасыз ету үшін жан-жақты – жүзу, гимнастикалық, хореографиялық, акробатикалық және дене даярлықтарды талап етіледі (Т.В.Рыбьякова, 2006) [12]. Егер 1984-1992 жылдар аралығында өткізілген Олимпиадалық ойындарда мәнерлеп жүзу бойынша жарыс бағдарламалары соло және дуэт сияқты екі тәртіптен тұрған болса, 2000 жылдан бастап сайыстар топтар мен дуэттер арасында өткізіле бастады, мұның өзі спортшыларды даярлау мәселесін күрделендіре түсті. Соңғы жылдары ірі спорттық жарыстарға қатысушылар жасының айқын төмендеуі байқалады, бұл өз кезегінде БЖСМ шұғылданушылардың бастапқы жас кезеңінің төмендеуіне, техникалық элементтердің біршама күрделендірілуі мен мәнерлеп жүзуші қыздардың жекелей және топпен орындалатын жаттығуларда айқын мамандандырылуы негізінде оқыту мерзімін қысқартуға әкеп соқты. FINA қазіргі (2017-2021 жж.) ережелері мен ұсынылып отырған көрсетілім бағдарламалары жаттықтырушылардың спортшы қыздарға бастапқы мамандандырылуынан бастап күрделі акробаттық жаттығуларды ертерек үйрету мүмкіндіктерін іздестірудің басты себебі болды.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу мәнерлеп жүзу саласы бойынша нақты тәжірибесі мен маңызды жетістіктері бар Қазақстан Республикасының дене шынықтыру, спорт жүйесі үшін өзекті және тәжірибелік тұрғыда маңызды болып келеді. Айта кетерлігі, мәнерлеп жүзу Қазақстан Республикасына өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап енгізіле бастады. Құрамына мәнерлеп жүзу енгізілген су спорт түрінен Республикалық федерация құру, ұйымдастыру мен басқа мәселелерді шешуге және Қазақстандық спортшы қыздардың осы салыстырмалы түрде «жас» спорт түрінен табысты жетістіктерінің негізін қалауға мүмкіндік берді. Мысалы, 2000 жылы мәнерлеп жүзуден Қазақстандық дуэт (Г. Шатная и және А. Каримов) алғаш рет Олимпиадалық ойындарға (Сидней) қатысып, 21-ші, 2004 жылы (Афиныда) 18-ші, 2008-ші жылы (Пекинде) 20-шы, 2012 жылы (Лондонда) 15-ші және соңғы 2016 жылғы Олимпиадалық ойындарда (Рио-де-Жанейро) 15-ші орынды иеленді. Қазақстандық мәнерлеп жүзуші спортшы қыздар халықаралық спорттық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпаздары, Әлем чемпионатының (2011 жыл Шанхай) финалистері болып табылады және 2016 жылдан бері жүйелі түрде Азиялық ойындарға қатысып келеді. Өкінішке орай, мәнерлеп жүзудің Қазақстанда таралу аумағы аса кең емес, еліміздің құрама командасы негізінен Алматы, Астана және Теміртау сияқты үш қала өкілдерінен тұрады. Бұл жағдай бәсекелестікке қабілетті спорттық резервті даярлауда да айқын байқалады. Бұдан басқа жоғары білікті жаттықтырушылар мен олардың дәрежесін ұйымдастырудың жетіспеушілігі де ықпалын тигізеді. Оқу-жаттығу үрдісінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерде жинақталған білімдер мен материалдарға негізделеді және спорттық резервті даярлаудың аймақтық ерекшеліктерін ескере алмайды. Сондай-ақ, мәнерлеп жүзу мен шұғылдану үшін дұрыс материалдық-техникалық базаны құру, оның көлемі, судың тереңдігі мен температурасы бойынша халықаралық талаптарға сай келу мәселесі де өзекті болып отыр.

Мәнерлеп жүзудің арнайы қасиеттері ескеріле отырып, спорттық резервті және еліміздің тұтастай құрама командасын орталықтандырылған жүйеде даярлауға арналған арнайы музыкалық құрал-жабдықтардың, су асты бейнетүсірілімдердің, тренажерлардың, акробатикалық және хореографиялық залдардың болуы қажет.

Аталған мәселелерді ескере отырып және Қазақстанның жүзуші қыздарын даярлауды жетілдіру жолдарын іздестіру мақсатында, берілген спорт түрі бойынша алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе мен жас мәнерлеп жүзуші қыздарды даярлауға тән ұстанымдарға, сондай-ақ жас жүзуші спортшы қыздардың бастапқы даярлық кезеңдеріндегі дене дамуына, денсаулық күйіне, дене және техникалық даярлығына фитнес-құралдары мен сәйкес әдістемелердің әсер ету заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін кешенді ғылыми зерттеулердің жоқтығына сүйене отырып, біз берілген зерттеу бойынша «Мәнерлеп жүзуден алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе негізінде фитнес құралдарын қолдана отырып, спорттық резервті даярлауды оңтайландыру» тақырыбын таңдап алдық.

Зерттеу мәселесі - мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы спортшы қыздардың спорттық резервінің денелік және техникалық даярлығына фитнес құралдары мен сәйкес жаттықтыру бағдарламаларының әсер ету заңдылықтарын зерттеу.

Зерттеудің әдістемелік негізі жалпы спорт теориялары бойынша мамандардың негізгі әзірлемелері және Н.Ж. Булгакова [13,14], Ю.В. Верхошанский [15], Л.П. Макаренко[16], А.Р. Воронцов [17], Т.Н. Кузнецова [18], А.В. Козлов [19,20], А.Д. Викулов [21], А.М. Мамытов [22], И.Ф. Андрущишин [23, 24], М.Н. Шепетюк [25], Б.А. Ашмарин [26], Т.С. Лисицкая [27, 28], О.А. Шинкарук [29], А.М. Якимов [30], Т.В. Рыбьякова [31] және т.б. әзірлеген спорттық жаттығулар әдістемелері болып табылады. В.Н. Платонов [32, 33], Ю.М. Николаев [34] , В.К. Бальсевич [35], Ж.К. Холодов пен В.С. Кузнецов [36, 37], В.И. Лях [38, 39], Л.П. Матвеев [40, 41], Н.Г. Озолин [42], Ю.Ф. Курамшин [43], Л.А. Карпенко [44], В.Б. Иссурин [45], Н.И. Шарабакин мен К.У. Мамбеталиев [46], А.М. Максименко [47], Е.Қ. Уанбаев [48, 49], Е.К. Сейсенбеков [50], Р.Р. Аманбаев [51], А.А. Васильков [52] әзірлеген дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің, В.П. Филин [53, 54], В.Г. Никитушкин [55], М.В. Приставкаина [56], Т.М. Абсалямов [57], Т.С. Тимакова [58], Л.В. Волков [59], В.Н. Авсиевич [60], Л.А. Карпенко [61], В.Б. Алабин [62] және т.б., әзірлеген жас спортшылардың көпжылдық даярлығының теориялары, сонымен қатар Н.Ж. Булгакова [63, 64], М.Н. Максимова [65], В.А. Парфенов пен Ю.А. Кононенко [66], А.А.Кашкин мен О.И. Попов [67], Л.П.Макаренко [68], О.Усольцева [69], А.В. Козлов [70 - 73] және шетелдік мамандар Elkington Н. мен Chamberlain J. [74], Mary Jo Ruggieri [75, 76], Jennifer Gray [77], J.P. Verma [78] және т.б. әзірлеген мәнерлеп жүзу және спорттық жүзу теориялары мен әдістемелерінің тұжырымдамалық ережелері ескерілді.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысы мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы спортшы қыздардың спорттық резервін даярлауды жетілдірудің биологиялық және әдіснамалық бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін басты қағидалары мен ережелеріне, осы қыздардың биологиялық жетілу қарқынына байланысты денелік-даму үрдісінің кешенді де, жүйелі түрде зерттелуіне, олардың денелік пен арнайы техникалық даярлық көрсеткіштерін сатылай зерттеу қажеттігі туралы ұстанымға және алынған мәліметтердің объективтілігі мен олардың толыққанды статистикалық өңделу мүмкіндіктеріне негізделеді.

Зерттеу нысаны - мәнерлеп жүзуші жас қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі оқу-жаттығу үрдісі.

Зерттеу пәні – мәнерлеп жүзуші жас қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құрал-жабдықтарын қолдану мүмкіндіктері, оның ұйымдастырылуы мен әдістемесі.

Зерттеу мақсаты - мәнерлеп жүзуші жас қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлаудың фитнес құрал-жабдықтарын қолдану бағдарламасын жасап, оған эксперименталды негіздеме беру.

Зерттеу болжамы. Мәнерлеп жүзуші жас қыздарды даярлаудың бастапқы мамандандырылу кезеңінде жүргізілетін оқу-жаттығу іс-шаралары барысында фитнес құрал-жабдықтары қолданылған жағдайда біршама тиімдірек болады.

Зерттеу міндеттері:

1. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлауды зерттеу мен талдау.

2. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі даярлығы барысында фитнес құралдарын қолдануға арналған оқу-жаттығу үрдісінің мазмұнын ашу.

3. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде жүзеге асырылған оқу-жаттығу үрдісінің жаңа мәнінің тиімділігін эксперименталды тұрғыда тексеру және практикалық ұсыныстар құру.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мақсатына сай төмендегідей зерттеу әдістері қолданылды:

1. Зерттеу мәселесі бойынша арнайы ғылыми-әдістемелік әдеби деректемелерге сараптама жүргізу және жинақтау

2. Антропометриялық өлшеулер.

3. Медициналық – биологиялық өлшеулер.

4. Педагогикалық бақылау.

5. Педагогикалық эксперимент.

6. Сауалнама жүргізу.

7. Денелік және техникалық даярлықты тестілеу.

8. Дене құрылымдарына талдау жүргізу.

9. Алынған нәтижелерді математикалық өңдеуден өткізу.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Зерттеу барысында бірқатар нәтижелер алынды:

- мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды олардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлау кешенді сипатты болып, спорттық тұрғыда жоғары жетістігі бар бірқатар елдерде фитнес құрал-жабдықтарын қолдану кеңінен жүзеге асырылуда, ал жарыстар мазмұны шұғылданушылардан жан-жақты даярлықты талап ететін күрделі құрылымды болып келеді;

- оқу-жаттығу үрдісінің жаңа мазмұны классикалық аэробиканың, хореографияның, мәнерлеп жүзу мен жаттығулардың музыкалық сүйемелденуімен және нақты бір ырғақпен орындалып, икемділік, ептілік және үйлесімділік қабілеттерін дамытатын техникалық элементтердің өзара байланысты құралдарының жиынтығы ретінде қарастырылады;

- мәнерлеп жүзуден тәжірибелік ұсыныстар ретінде қолданылуы мүмкін жас спортшы қыздардың денелік дамуын, денелік және техникалық даярлығын сипаттайтын жаңа эксперименталды мәліметтер алынды.

Қорғауға шығарылған негізгі ережелер:

1. Мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздарды бастапқы даярлау кезеңіне фитнес бағытты жаттығуларды енгізу спорттық резервті даярлау тиімділігін арттырудағы маңызды қадам болып табылады.

2. Оқу-жаттығу тиімділігіне мәнерлеп жүзудің хореографиялық, техникалық элементтері жоғары үйлесімділікпен, белгілі бір ырғақпен және музыкалық сүйемелдеумен ұйымдастырылуы жағдайында қол жеткізуге болады. Бұл жерде шұғылданушылардың жан-жақты даярлығын қамтамасыз

ету міндеттерін ескере отырып сабақтың дайындық, негізгі және қорытынды бөлімдерінің құрылымын жасау қажет.

3. Мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздардың көпжылдық даярлығының бастапқы кезеңдеріндегі денелік дамуын, денелік және техникалық даярлығын айқындайтын педагогикалық эксперимент нәтижелері.

4. Қазақстан Республикасының БЖСМ арналған мәнерлеп жүзу сабақтарының ғылыми-негіздемелі бағдарламасы спортшы қыздардың бастапқы даярлық кезеңінен спорттық шеберліктері жетілдірілгенге дейінгі кезеңді қамтитын көпжылдық даярлығы өлшемдерінің мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Алынған нәтижелер балалар мен жасөспірімдер спортындағы спорттық жаттығудың теориясы мен әдістемесін мамандандырылудың бастапқы кезеңінде ұйымдастырылған оқу-жаттығу үрдісінің мазмұны, негізгі жаттығу құралдарын қолдану ерекшеліктері, фитнес құралдарының мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың денелік дамуына әсері, денелік, техникалық даярлығы мен жалпы жаттығу барысының басқарылуы туралы жаңа ғылыми білімдермен және түсініктермен қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы. Диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми ережелері мен қорытындылары мәнерлеп жүзуден жас спортшы қыздардың оқу-жаттығу үрдісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жинақталған жұмыс тәжірибесі және мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын қолдана отырып, оқу бағдарламасы спорттық резервті даярлауды кеңінен тарату мен іс-жүзінде қолдану үшін ұсынылады. Жұмыс нәтижелері жаттықтырушылардың мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың функционалды және бейімделу мүмкіндіктерін ескере отырып, ЖДД және АДД жаттығу жүктемелерін тиімді бөлуіне мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері басты тәжірибелік құндылығы Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетімен мақұлданған мәнерлеп жүзу спортынан БЖСМ, ОРМБЖСМ, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарға, жоғары спорттық шеберлік мектептеріне алғаш рет арналып құрастырылған оқу бағдарламасының жасалынып, қолданысқа енгізілуінде.

Диссертациялық зерттеулердің сенімділігі мен негіздемелігі мәнерлеп жүзуден алдыңғы қатарлы әлем тәжірибесі негізінде фитнес құралдарын, сондай-ақ, тиянақты зерттеу әдістерін қолдану арқылы спорттық резервті даярлауды жетілдірудің ғылыми негіздемелі қағидаларымен, нақты қойылған зерттеу мақсаты мен одан туындайтын зерттеу міндеттермен, тақырыптың арнайылығымен, зерттелушілердің дұрыс іріктелуімен, алынған эксперименталды материалды жан-жақты сандық және сапалық сараптаумен, мәнерлеп жүзуден фитнес құралдарын қолдану арқылы спорттық резервті даярлаудың ұсынылып отырған бағдарламасын қолдану нәтижелерінің дәйекті сараптамасымен, алынған нәтижелердің ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалуымен дәлелденеді. Зерттеу барысында алынған

нәтижелерді сараптамадан және өңдеуден өткізу үшін математикалық статистиканың тиісінше әдістері қолданылды.

Берілген жұмыстың басқа ҒЗЖ және әртүрлі мемлекеттік және халықаралық бағдарламалармен байланысы. Диссертациялық жұмыс «Гимнастика және жүзу» кафедрасында 2011-2020 жылдарға Қазақ спорт және туризмін дамыту бағдарламасына; 2016-2021 жылдарға қойылған ҚазСТА ҒЗИ жоспарына; Қазақстан халқына Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында көрсетілген міндеттерге; Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 3 шілдесіндегі «Дене шынықтыру және спорт туралы» № 228 –V ЗРК Заңына, 2017 жылдың 11 мамырында енгізілген өзгертулері мен толықтырулары №65-VI; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі «2025 жылға дейін (бірінші кезең - 2016 – 2020 жылдар) Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт Тұжырымдамасын іске асыру бойынша шаралар Жоспарын бекіту туралы» №203 Қаулысына; ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Жоғары сыныпты спорттық резерв пен спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу үрдісі жүзеге асырылатын дене шынықтыру және спорттық ұйымның түрлерінің және олардың жұмысының ережелер тізімін бекіту туралы» 2014 жылдың 22 қарашасындағы №106 бұйрығына сай орындалды.

Автордың жеке үлесінің мәні БЖСМ жұмысын реттейтін ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге, бағдарламалық - нормативті құжаттарға жүргізілген сараптамаларда, педагогикалық эксперимент дайындалуы мен жүргізілуінде, сонымен қатар алынған деректердің өңделуінде.

Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша сәйкес қорытындылар тұжырымдалып, зерттеу нәтижелері жарияланды. Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды, бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын қолдана отырып даярлау бағдарламасы БЖСМ-де спорттық резервті даярлаудағы оқу-әдістемелік даярлаудан оқу-жаттығу үрдісінде қолдану үшін ұсынылады.

Зерттеу нәтижелерін сынамадан өткізу және енгізу. Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен зерттеу нәтижелері: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Ресей (Санкт-Петербург), 2016; Қазақстан (Алматы), 2017; Монғолия (Улан-Батор), 2018; Ресей (Томск, Санкт-Петербург), 2018), ҚазСТА «Гимнастика және жүзу» кафедрасында жүргізілетін жиналыстар мен семинарларда (2015-2018жж.) ұсынылды.

Зерттеу материалдары Алматы қаласындағы №5 МК БЖСТМ және ҚР су спорт түрлері федерациясының мәнерлеп жүзу бойынша оқу-жаттығу үрдістері ұйымдастырылуы барысында қолданылады (енгізу актілері А-қосымшада берілді).

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы. Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері 13 ғылыми жарияланымдарда көрсетілді, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда 5 мақала; Scopus халықаралық базасына кіретін журналдағы 2-мақала, Халықаралық конференциялардағы материалдарда 5 мақала, соның ішінде 4 шетелдік конференцияларда, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің

Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мақұлдаған мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ мен ОРМБЖСМ арналған 1 оқу бағдарламасы ұсынылды.

Диссертация құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспе, 4-бөлім, қорытынды, тәжірибелік ұсыныстар, қолданылған дереккөздерді қолдану тізімі және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық зерттеу материалдары 155 беттерде баяндалады, 36 кестелерден, 25 суреттерден тұрады. Жұмыста 228 ғылыми дереккөз бен арнайы әдебиеттер қолданылды.

Кіріспе бөлімінде диссертациялық зерттеудің таңдалып алынған тақырыбының өзектілігі негізделеді және ғылыми аппаратқа сипаттама берілген.

Бірінші «Мәнерлеп жүзуде спорттық резервті даярлау бойынша ғылыми әдебиеттерге сараптамалық шолу» **бөлімінде** Қазақстан Республикасында мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ-нің ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысына, мәнерлеп жүзуден жас спортшылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық көрсеткіштері мен бастапқы даярлық топтарында әдістемелік ұсыныстарға және спорттық резервті даярлаудың бағдарламалық-нормативті негіздеріне шолуға сипаттама берілген.

Екінші «Зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы» **бөлімінде** педагогикалық және медициналық-биологиялық зерттеу әдістері, олардың мәні мен мазмұны, сонымен қатар, нақты деректерді математикалық өңдеуден өткізудің классикалық әдістері ұсынылған.

Үшінші «БЖСМ-де мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлауды оңтайландыру үшін фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасының мазмұны» **бөлімінде** мәнерлеп жүзуден жалпы денелік даярлық бойынша бағдарламаны жетілдірудің алдыңғы шарттары ұсынылады. Педагогикалық эксперимент мазмұны фитнес құралдарын қолданудың бағдарламасы, тренажерларда қолданылатын фитнес жабдығының сипаттамалары, сонымен қатар, ұсынылған құрылым сипаттамасы мен оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру түрінде берілген.

Төртінші «БЖСМ-де мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлауды оңтайландыру үшін фитнес құралдарын пайдаланудағы педагогикалық эксперименттің нәтижелері» **бөлімінде:** мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың дамуының морфофункционалды көрсеткіштерінің динамикасы, денелік және техникалық даярлық динамикасы, Қазақстан Республикасының мәнерлеп жүзуден спорттық резервтерін даярлау бойынша және құрама командалары спортшылары ағзасының салыстырмалы құрамдастарын, сонымен қатар еліміздегі мәнерлеп жүзу бойынша жаттықтырушылардың өткізілген сауалнамалық сұрақтар сараптамасы мен оның нәтижелері берілген.

Қорытынды бөлімінде зерттеу барысында жасалған ғылыми қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстар келтірілген.

Қосымшаларда спорттық резервті даярлаудың оқу-жаттығу үрдісінде зерттеу материалдарын, қолданылатын жатығулар кешенін, жаттықтырушыларға арналған сауалнама түрлері және басқа да қосымша материалдар мен енгізу актілері берілген.

1 МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ

1.1 Қазақстан Республикасында мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ жұмысын ұйымдастыру мен оның әдістемелік ерекшеліктері

Мектеп жасындағы балаларды арнайы спорттық даярлау жүйесіндегі басты мақсаты, жан-жақты және денелік тұрғыда күшті тұлғаны дамыту болып табылады.

Спорттық резервті даярлау жүйесі ең алдымен балалар мен жасөспірімдер спортының теориясына және әдіснамасына негізделген. Балалар мен жасөспірімдер спортын ұйымдастыру бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулердің сараптамасы әлемдік тәжірибеде ұзақ мерзімді спорттық жаттығулар жасаудың теориялық және тәжірибелік мәселелерінде, оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыруда, оқу жүктемесінің құрылымын реттеуде және т.б. үлкен тәжірибе жинақталған.

Жастар спортының теориясы мен әдіснамасын дамытуға және спорттық резервтерді даярлау жүйесіне В.П. Филиннің (1968-1996), Р.Е. Мотылянскаяның (1971-1978), М.Я. Набатникованың (1982), Ю.Г. Травиннің (1985), В.К. Бальсевичтің (1975-2005), Н.Ж. Булгакованың (1978, 1986), В.М. Волковтың (1983), Л.В. Волковтың (1984), Ю.Д. Железняктың (1988), Г.Н. Максименконың (1973-1990), В.Г. Алабинның (1988), В.Г. Бауэрдің (2005), В.П. Губа (2009), В.Г. Никитушкинның (1988-2009) және басқа да ғалымдардың ғылыми еңбектері баға жетпес үлес қосты [79, б. 9].

Спорттық резервті даярлау жүйесін ұйымдастыру және шет елдердегі балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту тәжірибесі О.Н. Вареникпен ұсынылды [80, б. 323-324]. АҚШ, ГФР, ҚХР, Австралия, Финляндия және Малайзиядағы мәселенің жай-күйін талдау негізінде автор әкімшілік және басқару жүйесі жұмыс істейтін елдерде балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға басты назар көптеген балаларды тарту болып табылады дене шынықтыру мен спортты дамыту, бұқаралық спортты дамыту, балалар мен жасөспірімдер спортын қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. АҚШ, Канада, Финляндия және басқа да экономикалық дамыған елдерде мемлекеттік емес негіздерді тарту арқылы ата-аналарды, әртүрлі демеушілерді және т.б. балалар мен жасөспірімдер спортын қаржыландыру заңнамамен реттеледі.

Е.П. Максачук [81], Л.А.Карпенко [82], В.П. Губа [83], А.И. Крылов [84], С.В. Колесникова [85], В.Г. Алабин [86] және т.б. авторлардың пікірі бойынша балалар-жасөспірімдер спортын дамыту үшін негізгі мәселелерді кешенді шешу керек, жеке алғанда:

- ұйымдастырушылық негіздер;
- спорттық іріктеу;
- медициналық-биологиялық салалар;
- жас спортшылардың көпжылдық спорттық жаттықтыруларын басқару үрдісі.

И.И. Приходько мен әріптестер [87], әрі қарай И.И. Столова [88], Н.И. Хотина [89], О.В. Шмерко [90], Н.П. Моисеева [91], И.В. Кулькова [92], Л.М. Куликов пен әріптестері [93], В.Н. Золотов [94], А.И. Федоров [95, 96], Ж.Е. Фирилева [97], Е.Н. Фокина [98], С.Г. Батибаева мен Е.А. Юркова [99] және тағы басқа авторлардың пікірі бойынша, спорттық резервті даярлаудағы маңызды салалар жас спортшыларды тәрбиелеудің педагогикалық бағыттары мен бәсекеге қабілетті жүктемелері, сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдер спортының саласы бойынша мамандарды даярлау мәселесі болып табылады.

Спорттық резерв пен балалар мен жасөспірімдер спортын дамытудың қазіргі кезеңі көптеген мәселелерді қарастыру мен қайта қарауды, жас спортшыларға арналған оқу үрдісін ғылыми ұйымдастыруға және жастар спортының саласы бойынша мамандарды даярлауға арналған жаңа жүйелерді құруды талап етеді.

Жасөспірімдер спортының ғылыми зерттеуін жүзеге асыру және жетілдіру үшін: «Олимпиадалық спорт және бұқаралық спорт», «Спорттық резервті медициналық қамтамасыз ету», «Спорт құқығы: даму перспективалары» атты және т.б. жыл сайынғы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарлар өте маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасында 2017 жылы өткізілген маңызды спорттық іс-шаралардың бірі XXVIII Дүниежүзілік қысқы универсиада-2017 болды. Осы іс-шара аясында Алматыда «Университеттік спорт - денсаулық және қоғам болашағы» ұранымен FISU Халықаралық студенттік спорт федерациясының халықаралық конференциясы өткізілді.

Осындай іс-шараларда секциялық баяндамаларда мектеп жасындағы балалар үшін спорттық даярлықты жетілдіру мен оңтайландыру және спорттық резервті даярлау мәселелері әрдайым қарастырылады.

1985 жылы Қазақ КСР-де Алматы қаласындағы №4 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде мәнерлеп жүзу бөлімі ашылды. Бүгінгі таңда елде іс жүзінде әрбір облыс орталығында жүзу бассейні бар, оның ішінде жеке меншіктегілері, бірақ бұл мәнерлеп және спорттық жүзу секцияларының жұмыс істеуі барлық жерде болды дегенді білдірмейді. Өкінішке орай, халықаралық талаптарға сай келетін мамандандырылған және ұлттық құраманы даярлауға арналған тренажерлар, акробатикалық және хореографиялық залдармен, арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген бассейндер мен базалар жеткіліксіз.

Соған қарамастан, Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен су спорт түрлері федерациясы күшімен мәнерлеп жүзу, жаттықтырушылар құрамында және жоғары санатты спортшы қыздарды даярлау жүйесінде балалар спорт мектебінің БЖСМ желісін сақтау мүмкін болады. Бұл фактінің дәлелі ретінде 2017 жылы Ақтөбе мен Өскемен қалаларында мәнерлеп жүзу мектептері ашылды [100].

Қазақстанның мәнерлеп жүзу командасының құрамы негізінен Алматы, Астана және Теміртау қалаларындағы БЖСМ дайындаған спорттық резервтен

тұрады. Республикада мәнерлеп жүзуді одан әрі дамыту болашағы көп жағдайда спорттық резервті даярлау деңгейіне байланысты.

Барлық спорт түрлерінде бастапқы даярлықтың мақсаты және соның ішінде мәнерлеп жүзуде де, жоғары деңгейдегі спорттық шеберліктің одан әрі өсуі үшін, берік негізді дамыту болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін, төменде көрсетілген негізгі міндеттерді іске асыру:

- жас спортшылардың спортқа қызығушылығын арттыру;
- дені сау және денелік тұрғыдан күшті болу;
- дене қасиеттерін, әсіресе икемділік пен үйлестіруді дамыту, хореография, акробатика, ырғақты гимнастиканың бастапқы дағдыларын меңгеру;
- жүзудің барлық тәсілдерін игеру;
- мәнерлеп жүзу, есу, ұстанымдар, арнайы қозғалыстар мен қимылдарды үйрену [65, б.102; 101, б. 4; 102 - 107].

Мәнерлеп жүзу - субъективті спорт және ондағы жоғары жетістіктер көптеген факторларға байланысты. Т.В. Рыбьякованың пікірі бойынша - мәнерлеп жүзу кезінде, қозғалыс өнері берілгені, онда бағалаудың мәні міндетті бейнелі қимылдар мен ерікті бағдарламаларды орындау әдістемесі болып табылады. Мәнерлеп жүзу, гимнастикалық, хореографиялық, акробатикалық және денелік жаттығуларға байланысты спортшы қыздардың үйлесімді дамуына үлес қосатын спорттың бір түрі [12, б.14-15].

М.Н. Максимованың пікірі бойынша мәнерлеп жүзуге үйретудің басты шарты спорттық жүзудің барлық түрлерін игеру болып табылады. Алғашқы даярлық кезеңінде жүзудің барлық спорттық әдістерін дұрыс үйрету қажет [101, б. 5].

Жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, мәнерлеп жүздегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері жоғары білікті спортшыларды даярлау жүйесіндегі бірінші кезең болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде жас спортшыларды даярлаудың заманауи теориясы мен әдістемесі әзірленді, сондай-ақ экономикалық дамудың деңгейіне және елдің басқару сипатына байланысты спорттық резервті даярлаудың ұйымдық тәжірибесі жинақталған. Негізгі мәселелерді шешуге, оның ішінде ұйымдастырушылық негіздерге, спорттық іріктеуге, биомедициналық салаларды есепке алуға және көп жылдық оқу үрдісін басқаруға байланысты кешенді әдістердің маңыздылығы танылды. Қазақстан Республикасы мәнерлеп жүздегі мамандандырылған БЖСМ-нің жұмыс істеуі үшін белгілі бір нормативтік-құқықтық базаны құрумен сипатталады, бірақ басты мәселе - олардың санының аздығы және заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілмеуі.

1.2 Мәнерлеп жүзумен шұғылданушы жас спортшы қыздардың физиологиялық ерекшеліктері

Адам дамуының табиғатында оның өмірлік циклі жас кезеңдеріне бөлінеді және әрбір кезең осы циклге тән ағзасының ерекшеліктерімен сипатталады.

В.В. Баранниковтың, С.А. Баранцевтың, А.В. Березиннің және М.В. Малыхиннің пікірлері бойынша қазіргі спорт жасарды және денсаулыққа әсер

етіп, жас спортшыларға үлкен спорт жолында жаппай жаттығуда шамадан тыс жүктемені болдырмау үшін жаттықтырушы дене дамуының жеке және жыныстық сипаттамаларын білуі керек және оқу-жаттығу барысында оларды ескеру қажет [108, б.5]

Жас спортшылардың физиологиялық ерекшеліктерінің көрсеткіштеріне әсер ету мәселесін зерттеуге көптеген ғылыми еңбектер арналған.

М.Н. Максимованың [108, б.12], В.Н. Платоновтың [110; 111, б.122], А.В. Козловтың [84, б. 30], Н.А. Бернштейннің [112], В.Р. Соломатиннің [113; 114], И.М. Бутиннің [115], Б.Р. Мандельдің [116], Е.А. Великаяның [117], И. Ганчардың [118], Ю.И. Гришинаның [119], В.П. Губаның [120; 121], Ю.И. Кулагинаның [122], О.Б. Ведерникованың [123], Т. Бэчлидің [124], С.Н. Блинков пен С.П. Левушкиннің [125], М.В. Гордееваның [126] және басқаларының еңбектерінде спорт түрлеріндегі дене қасиеттері дамуының сезімтал кезеңдеріндегі пісіп жетілудің жалпы анатомиялық және физиологиялық-психологиялық ерекшеліктері жинақталған. Дене шынықтыру жүктемелерін жасқа байланысты мөлшерлеу мәселелері зерттелді, кейбір спорт түрлерінде, оның ішінде мәнерлеп жүзудегі ерте мамандандырылудың ықпалы қарастырылды, жас спортшыларды көп жылдық даярлық мәселелері анықталды.

М.М. Безрукихтің [127], Д.В. Николаевтың бірлескен авторлықпен [128], М.А. Годиктің [129], А.Г. Дембоның [130], В.И. Дубровскийдің [131; 132], Н.А. Фоминның [133], А.С. Солодков пен Е.Б. Сологубтың [134], В.Ф. Сазоновтың [135], В.Р. Соломатиннің [136; 137], М.Н. Максимованың бірлескен авторлықпен [138], Н.Д. Граевская мен Т.И. Долматованың [139], В.Ю. Давыдовтың [140], Ж.М. Андасованың [141] және т.б. еңбектерінде көпжылдық жаттығу кезеңінде балалар ағзасының физиологиялық ерекшеліктеріне әсер ету мәселелері сипатталған.

Ұзақ уақыт бойы мәнерлеп жүзу әйелдер спорты деп есептеліп келді. Алайда, 2014 жылы Дохада (Катар) FINA Халықаралық жүзу федерациясының конгресінде, су спорты түрлерінен әлем чемпионаттарының бағдарламасы бойынша аралас дуэттерді (ерлер мен әйелдерді) мәнерлеп жүзуде қосуға шешім қабылданды. Бұл 2015 жылдың шілде айында өткен XVI әлем Чемпионатында Татарстан астанасы, Қазан қаласында (Ресей) бастама алды.

Енгізілген өзгерістерге қарамастан, диссертациялық жұмыста, әйелдер спорты ретінде мәнерлеп жүзу бойынша материалдар қарастырылып жалпыланды.

Спорттық резервті даярлау мектеп жасы кезеңін, 6-7 жастан 17-18 жастағы балаларды қамтиды, бұл бастауыш даярлық тобы (БТ 1-2) және оқу-жаттығу топтары (ОЖТ 1-5). Нақты осы кезеңдер дене дамуының, дене бітімінің қалыптасуына, сымбатқа, денсаулықты нығайтуға және әртүрлі қимыл-қозғалыс қабілеттерін қалыптастыру үшін негіз болып табылатын осы кезеңдер.

А.А.Гужаловскийдің [142] пікірі бойынша, егер балалар мен жасөспірімдердің дене қасиеттерін тәрбиелеу үшін қолайлы кезеңді пайдаланбаса, онда осы көрсеткіштің орнын толтыру өте қиынға түседі, әсіресе

белгілі бір сападағы морфофункционалды негіздердің биологиялық жетілуінің негізгі уақыты өтіп кетсе [84, б. 29].

В.Б. Шварц пен С.В. Хрущевтің пікірі бойынша биологиялық кезеңі күнтізбелікке қарағанда, көбірек, адамның онтогенетикалық жетілуін, оның өнімділігі мен бейімделулі реакцияларының табиғатын көрсетеді [143, б.110].

Шетелдік және отандық ғалымдардың әдеби көздерін талдау балалардың денесінің өсу қарқыны мен жетілуін күнтізбелік жастан асуы немесе қалуы мүмкін екенін көрсетеді.

Биологиялық және төлқұжат жасының сәйкестік дәрежесіне қарай акселераттар (немесе акселеранттар) - жедел дамып келе жатқан балалар мен жасөспірімдер, оларда биологиялық жасы төлқұжат жасынан асады; медианттар- төлқұжат жасына сәйкес келетіндер; және ретарданттар- төлқұжат жасынан артта қалушылар болып бөлінеді [134, б. 374].

Соңғы басылымдарының бірінде А.О. Дробинская (2016), акселерация мен ретардацияны биологиялық жастағы айырмашылық ретінде қарастыруға ұсынады, оған сәйкес ағзаның дамуы, өсуі және қартаюы күнтізбеге жатады. Сондай-ақ, автор, акселерацияда ағзаның даму үрдісіне генетикалық және экзогендік (сыртқы ортаның әсер етуі) факторлар әсер етеді деп есептейді. Бұл сондай-ақ ретардация құбылысына да қатысты [144, б. 76].

Г.А. Макарованың [145], Е.Е. Ляксоның [146], Э.Э. Мартиннің [147], В.А. Доскиннің бірлескен авторлықпен [148], М.И. Рахимовтің [149], Ю.И. Савченконың [150], Т.О. Вопранның [151; 152], А.Ю. Кузнецовтың [153], В.Л. Карпманның [154], Ю.А. Ермолаевтің [155] және басқа да көптеген авторлардың пікірі бойынша, даму нормасы және жастық кезең шекаралары шартты және жекелей алғанда бірқатар факторларға байланысты болады, мысалы климаттық, әлеуметтік, этникалық, тамақтанудан және т.б.

Спорт медицинасында балалар жасының кезеңділігі деген ұғым бар, яғни жасты дамудың белгілі кезеңдерге шартты бөлу жүргізіледі. Балалар жасының жас кезеңділіктерінің негізгі қағидалары 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Балалар жасын кезеңдерге бөлу (Аршавский И.А., Вельтищев Ю.Е. бойынша мәлімет, Кисляк Н.С., 1979) [145, б. 184]

Балалық шақ кезеңдері	Жасы
Жаңа туылған	Өмірінің 1-ші айы
Емізулі жас	Өмірінің 1-ші жылы
ОЖТ	3	<p>Акробатика: Тұрыстар: топталуда басымен, тоқпан жілікте және баспен тұру, акробатика. Домалау: орыннан жан-жаққа, жүгірумен. Көпірлер: тұру қалпынан көпір қалпына тұру; сондай ақ екі аяқпен бір аяққа ауысумен, екіншісі жоғарыда жартылай бүгілген; артқа айналып аяғының ұшымен тұру. Батутта секіру: 90° және 180° айналумен қолдары жоғары, төмен тігінен секіру.</p> <p style="text-align: center;">Мәнерлеп жүзу техникасы</p> <p>Жылдамдықпен арнайы қозғалыстарды орындау (25м-ден 50 м дейін). Мәнерлеп жүзудің негізгі ұстанымдарымен танысу, оқу және жетілдіру. Ересек санаттың III және II талаптарына сай келетін міндетті қимылдарды орындаудың техникаларын жетілдіру. Бұрмаларды және айналуларды орындау техникасын үйрену және жетілдіру. Бір ұстанымнан екіншіге ауысқанда қолдың есу қозғалыстарын жетілдіру. Біліктілік қимылдар техникасымен танысу және үйрену: артқа қадам, ұзақ уақыт айналу, фламинго, жазық бұрыштан артқа қадам, барракуда, ұзақ уақыт айналу топтамасынан тік, «аврора», топтамадан тік, 180° айналумен шатты қимыл жасау, алға қадам, кері «кран». Қимылдарда өзгерістер болуы мүмкін. Еркін ұстанымдарды құрып үйрену. Қимыл—қозғалыстың техникасын және мәнерлеп орындауды үйренуге арналған жаттығулар.</p>

Кесте 10 – ОЖТ 4-5 жылдар оқыту үшін, мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлаудың тәжірибелік тапсырмаларының үлгілік тізімі (М.Н. Максимова бойынша, қайта жасалған)

Даярлық топтары	Даярық жылдары	Жаттығулардың негізгі құралдары
1	2	3
ОЖТ	4-5	Жалпы дене даярлығы жаттығулары
		ЖДЖ: қолдың бұлшық еттері, иық білезігі, денеге және аяққа арналған жаттығулар. Ауыспалы ырғақпен жаттығулар кешені, орындаудың сериялық тәсілдері. Құрал-жабдықтармен жаттығулар: ауыртпалықтармен (гантелдер, доп). Нығыздалған доптармен (1-1,5 кг): әртүрлі бағыттарда бүгілген және тік қолмен допты көтеру және түсіру. Доптың әртүрлі қалыптарымен еңкеюлер (басынан жоғары, басының артына, арқасына, бір қолмен және т.б.), қолдағы доппен секіру. Гантелдермен (1-1,5 кг): барлық бағыттарда тік қолды көтеру және түсіру, айналмалы қозғалыстар, еңкеюлер, бұрылулар, денені айналдыру қозғалыстары, гантелдермен секіру, тіреулі есуді ұқсатып жасау. Снарядтардағы жаттығулар: Швед қабырғасы, бөрене: қарапайым ілініп тұрулар (бүгіліп, түзетіліп), тартылулар, денені бұғу, мәнерлеп жүзудің ұстанымын ұстану. Арнайы құрылғыларда орындалатын жаттығулар: түрлі бұлшық ет топтары үшін кешенді жаттығулар. Жеңіл атлетика жаттығулары: 400 м дейін жүруге ауыстырумен жүгіріс, кросска жүгіру, қысқа арақашықтыққа жүгіру. Секірулер: ұзындыққа, биіктікке (техниканы жетілдіру). Лақтыру (техниканы және ұшу алыстығын жетілдіру). Спорт ойындары: Баскетбол, қол добы, футбол. Қимыл-қозғалыс ойындары: баскетболистер эстафетасы. Шаңғымен жүру: 3 км дейін жылдамдыққа жүру
		Арнайы дене даярлығы жаттығулары
		Иық, жамбас, тізе, табан буындарының және омыртқа жотасының қозғалуларын дамытуға арнайы дене жаттығулары: максималды амплитудада статикалық қуаттылықты қолданумен, арнайы созылу, қайталап созу. Жаттығуларды орындау қарқынының тез ауысуымен шапшаңдықты-күш түсіру жаттығулары. Тепе-теңдік аппаратына арналған арнайы жаттығулар. Міндетті бейнелі қимылдардың техникасын жетілдіру үшін жаттығулар. Тыныс алуды ұзақ ұстаудың қабілеттерін одан әрі жетілдіру (демалыс үзілісін қысқартумен тыныс алуды ұстау, арнайы тыныс алу гимнастикасы).
		Спорттық жүзу, батутта секіру
		Жүзудің спорттық тәсілдерінің техникасын, мәре және бұрылулардың техникасын жетілдіру. Жалпы төзімділікті дамыту. 100 м қашықтықты құлаштап жүзіп өту, 200 м бақылау нормативтеріне сәйкес кешенді жүзу. Күш қабілеттерін дамыту. Аэробты мүмкіндіктерін дамыту (2000 м қашықтықты кеудеде жүзіп өту (ара қашықтық немесе үзілісті тәсілмен). Жарыстыру және жарыстыруға жақындатылған арнайы-даярлау жаттығуларын қолдана отырып, анаэробты мүмкіндіктерді арттыру. Тыныс алуды ұстауды жаттықтыру. Суға секіруді үйретудің техникаларын үйрену және жетілдіру.

10-кестенің жалғасы

1	2	3
		Хореография
		Классикалық экзерсис (балет станогында және залдың ортасында). Батман сутеню алға, екі жаққа, артқа, батман тандю ку де-пье, батман релеве-ляж, гран батман, па-де-бурре (V ұстаным, сүйенішке бетімен тұру). Пор де бра дененің түрлі қозғалыстарымен. Секірулер: па ассамбле, ассамбле қозғалумен, дубль ассамбле. Қадамдар және қозғалыстар: қырмен қадамдар (тербелмелі қадам), секірулермен қадам. Ұлттық-сахналық билер негізіндегі қолдың жаттығулары.
		Көркем гимнастика, акробатика, батутта секіру
ОЖТ	4-5	Серпу қозғалыстары: негізгі жазықтарда, түрлі бағыттарда доға және шеңбер бойынша қолды серпу, біратаулы, түрлі атаулы, кезекпен және жүйелі; денені серпу, денені теңселту, қолмен жазықты сегіздікпен қырлы серпу. Секірулер: ашық және жабық, вальс қадамымен үйлестірумен секіру, алға еңкею, 180° және 360° бұрылулармен, шеңберге жанасумен секіру, бүгіліп секіру (алға, қырға). Төпе теңдікті сақтау: бір аяққа жартылай отыру шеңберінде төпе теңдікті сақтау – бос аяқты алға (доғал, қатты бұрышпен бүгу, аяқтың ұшымен тіреуге қысу), бір төпе теңдіктен басқасына ауысулар. Бұрылулар: серпумен біратаулы бұрылу, 360° бұрылу, айналдырмалы серпумен түрлі атаулы бұрылу. Құрал-жабдықтармен жаттығулар: кіші доптармен жаттығулар – екі қолмен лақтыру және қағып алу, түрлі қозғалыстармен лақтыруларды және қағуларды келістіру. Акробатика: Тұрыстар: баспен (секундына), қолмен серпумен (әріптестің немесе түреудің көмегімен). Көпір: қолға тұрумен көпір (әріптестің көмегімен). Топталумен, бүгіліп, түзеліп батутта секіру.
		Мәнерлеп жүзудің техникасы
		Шапшандықпен арнайы қозғалуларды орындау (25 ден 50 м дейін), I разряд талаптарына сәйкес келетін міндетті бейнелі қимылдарды орындау техникаларын үйрену және жетілдіру. Бұралу және айналу техникаларын үйрену және жетілдіру. Мәнерлеп жүзудің элементтерін және қимылдарын мәнерлеп орындауға арналған үйлесімділік жаттығулары. Еркін бағдарламаларды орындау. Мәнерлілікке жұмыстар жасау. Міндетті және еркін бағдарламалардың техникасын үйрену және жетілдіру үшін жаттығулар. Кеңінен жіберілген қателіктер және оларды түзету әдістері.

Сонымен, әлемдік тәжірибеде қолданылатын спорттық резервті даярлаудың заманауи бағдарламалық және нормативтік негіздеріне шолу спорттық даярлау жүйесі спорттық сараптауды, ұйымдастыруды және жаттығуларды өткізу мен спорт жарыстарына қатысуды жүзеге асыруға көңіл бөлінетін бірыңғай ұйымдастыру-әдістемелік негізінде жүргізіліп жатқанын көрсетті.

Мәнерлеп жүзуден спорттық резервтерді даярлаудың ерте кезеңдері 5-6 жастан басталады және денелік дамудың, дене даярлығының жан-жақты және толық қамтамасыз етуге ұмтылысымен сипатталады. Спортшыларды көпжылдық даярлау барысында, ереже бойынша, бастапқы мамандандырылғанға, терең жаттығуларға және шынайы спорт жетілдірулерін қамтамасыз етуге көңіл аударып отыра төрт кезеңді атап көрсетеді. Бұл ретте, жарыс қызметтерінің құрылымдарын шұғыл күрделендірумен негізделетін 6-7 жасқа дейінгі жүзуден бастапқы және базалық даярлаудың ұзақтылығын арттыру соңғы жылдардың типтік үрдісі болып табылады. Бастапқы даярлау кезеңінде жаттықтыру сабақтары үлкен денелік және психологиялық жүктемелерді қоспауы тиістігі анықталды, бұл жерде жаттығулардың саны және сағаттары БЖСМ және ОРМБЖСМ нормативтік талаптарына сай сақталуы тиіс. Спорттық жетілдіру және жоғары спорттық шеберлілік топтарының жаттығуларында аса жеке сипатқа ие болады. Мәнерлеп жүзуде бағдарламаны және жарыс қағидаларын жиі өзгертуге байланысты оқу-жаттығу жұмыстарын бағдарламалық қамтамасыз етудің мәселелері жаттығулардың кезеңдері және мерзімдері үшін микроциклдердің үлгілік жоспар-сызбаларымен жиі ауыстырылады.

Біз жүргізген сараптама, Қазақстанда Құзыретті орган әзірлеген және бекіткен (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті) спорт мектептеріне арналған мәнерлеп жүзу бойынша бағдарламалардың жоқ екенін анықтауға мүмкіндік берді. Мәнерлеп жүзу бойынша спорттық резервті және құрама командасын даярлау республикада Ресей Федерациясымен әзірленген іспеттес бағдарламалар бойынша жүргізіледі.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында біздің анықтағанымыз, Қазақстан Республикасында су спорт түрлерінен біршама зерттелген спорт түрі – жүзу екендігі анықталды. Мұны Д.К. Нурмуханбетованың [197], сондай-ақ Yermakhanova A., Nurmakhanbetova D., Bozhig Z., Imanbetov A. авторлар тобы [198] ғылыми еңбектері дәлелдейді. Аталған еңбектер сараптамасы көрсеткендей, автордың зерттеу жұмысын жүргізудегі мақсаты түрлі мамандандырылу бойынша білім алушы студенттерді жүзуге үйрету болды. Арнайы жасалған жаттығулар кешені мен техникалық құралдар жиынтығы студенттерді жүзуге үйрету үрдісін оңтайландыруға және «Жүзу оқыту әдістемесімен» пәні бойынша оқыту бағдарламасын жасауға мүмкіндік берді.

Сонымен, мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлау бойынша ғылыми әдебиеттерге жүргізілген сараптамалық шолу негізінде нақты түрде берілген диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы мәнерлеп жүзу саласы бойынша спорттық резервтің, сондай-ақ, жалпы Қазақстандағы мәнерлеп

жүзуді дамыту мәселелері қарастырылып, айқындалған алғашқы зерттеу жұмысы болып табылады деп сенімді түрде айта аламыз.

1 тарау бойынша тұжырым

Мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлау бойынша ғылыми әдебиеттерге сараптамалық шолу бірқатар деректемелерді көрсетті:

1. Мәнерлеп жүзу бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектептері және Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері жоғары білікті спортшыларды даярлауды ұйымдастырудың бастапқы негізі болып табылады. Олардың қызметі заманауи теорияның, басты әдістеменің және жасөспірім спортшыларды даярлау мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттің экономикалық даму деңгейіне және халық шаруашылығын басқарудың сипаттамасына байланысты түрлі мемлекеттерде спорттық резервті даярлаудан үлкен тәжірибе жинақталған.

Негізгі мәселелерді шешу үшін, соның ішінде спорттық сараптау, көпжылдық оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізумен байланысты, кешенді тәсілдеме маңызды болып танылды. Қазақстан Республикасында, сондай-ақ мәнерлеп жүзу бойынша мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің қызмет жасауының анық нормативтік-құқықтық базасы жасалған, бірақ олардың көптігінің және заманауи құралдармен, құрылғылармен жеткіліксіз қамтамасыз етілу мәселесі шешілген жоқ.

2. Спорттық жаттығулардың заманауи теориялары мен әдістемелері жасөспірім мәнерлеп жүзушілерді даярлау ағзаның физиологиялық ерекшеліктерін ескеру негізінде жүзеге асырылатынынан бастама алады. Алдымен, ағзаның жеке және жыныстық ерекшеліктері, күнтізбелік (төлқұжаттық) және биологиялық жастарының ерекшеліктері, овариалды-етеккір циклінің сатысы және қандай да болсын дене қасиеттері мен қабілеттерінің пайда болуында аса белсенділікпен сүйемелденетін «сезімтал» кезеңдер ескерілуі тиіс.

3. Әлемдік тәжірибеде спорттық резервті даярлау жүйесі спорттық сараптауды, ұйымдастыруды, жаттығуларды өткізуді және спорт жарыстарына қатысуды жүзеге асыруға көңіл қойылатын бірыңғай ұйымдастыру-әдістемелік негізінде жүргізіледі.

Мәнерлеп жүзуден спорттық резервтерді даярлаудың ерте кезеңдері 5-6 жастан басталады және денелік даму мен даярлықтың жан-жақты, әрі толық қамтамасыз етуге ұмтылыспен сипатталады. Ары қарай бастапқы мамандандырылуға, терең жаттығуларға және шынайы спорттық жетілдіруді қамтамасыз етуге аса көңіл бөлінеді. Жарыс қызметтері құрылымдарының шұғыл күрделенуіне, үлкен денелік және психологиялық жүктемелерді шектеуге, БЖСМ және ОРМБЖСМ нормативтік-бағдарламалық құжаттарымен белгіленген жаттығулардың санын және көлемін сақтауға байланысты 6-7 жасқа дейін жүзудің бастапқы және базалық даярлықтарының ұзақтығының артуы үрдіс болып табылады. Спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігінің топтарындағы жаттығулар жеке сипаттамаларға ие болуда.

Мәнерлеп жүзуден бағдарламаны және жарыс қағидаларын жиі өзгертуге байланысты оқу-жаттығу жұмыстарын бағдарламалық қамтамасыз етудің мәселелері жаттығулардың кезеңдері мен мерзімдері үшін микроциклдердің үлгілік жоспар-сызбаларымен жиі ауыстырылады.

Қазақстанда құзыретті органмен (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті) әзірленген және бекітілген спорт мектептері үшін мәнерлеп жүзу бойынша бағдарламалардың жоқ екені анықталды. Мәнерлеп жүзу бойынша спорттық резервті және құрама командасын даярлау елімізде Ресей Федерациясымен әзірленген іспеттес бағдарламалар бойынша жүргізіледі.

2 ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

2.1 Зерттеу әдістері

Диссертациялық жұмыс бойынша алға қойылған міндеттерді шешуде қарастырылатын сәйкес бірқатар зерттеу әдістері қолданылды:

1. Зерттеу мәселесі бойынша арнайы ғылыми-әдістемелік әдеби деректемелерге сараптама жүргізу және жалпылау.
2. Антропометриялық өлшеулер.
3. Медициналық-биологиялық өлшеулер.
4. Педагогикалық бақылау.
5. Педагогикалық эксперимент.
6. Сауалнама жүргізу
7. Денелік және техникалық даярлықты тестілеу.
8. Дене құрылымдарына талдау жүргізу.
9. Алынған нәтижелерді математикалық өңдеуден өткізу.

2.1.1 Зерттеу мәселесі бойынша арнайы ғылыми - әдістемелік әдеби деректемелерге сараптама жүргізу және жалпылау

Зерттеу тақырыбы бойынша арнайы ғылыми - әдістемелік әдеби деректерге сараптама және жинақтау мәнерлеп жүзумен шұғылданушы жас спортшы қыздардың БЖСМ және ОРМБЖСМ жағдайларында бастапқы мамандандырылу кезеңінде спорттық даярлық мәселелерінің маңызды салдарын айқындау үшін жүргізілді. БЖСМ және ОРМБЖСМ оқу-жаттығу үрдісінде спорттық резервті даярлау, бағдарламалық - нормативтік қамтамасыз ету мәселелері, сонымен қатар бастапқы даярлық (1-2 БД) және оқу-жаттығу топтарында (1-3 ОЖТ) спортшылардың дене даярлығы көрсеткіштеріне жас ерекшеліктері әсерінің сипаттамасы зерттелді.

228 әдеби дереккөздер, соның ішінде шет елдік авторлар, оған қоса диссертациялық зерттеулер, оқу-әдістемелік оқу құралдары, монографиялар, ғылыми жиынтықтардағы мақалалар зерделенді. Зерттеу мәселелері бойынша арнайы ғылыми-зерттеу деректерін жинақтау нәтижелері бойынша диссертациялық зерттеудің мақсаты, міндеттері, нысаны, мәні және болжамы тұжырымдалды.

2.1.2 Антропометриялық өлшеулер

(1-2) БД және (1-3) ОЖТ топтарда айналысатын жас мәнерлеп жүзуші жас қыздардың дене дамуын анықтау мақсатында жүргізілген антропометриялық зерттеу өлшеулері келесі көрсеткіштерден тұрады:

1. Бойдың ұзындығы (бойы) – өлшеу арнайы бойдың ұзындығын өлшегіш құралдың көмегімен жүргізілді. Зерттелетін адам, бой өлшегіштің тіреуіне артымен тұрып, оған өкшесін, арқасын және бөксесін тірейді. Өлшеу дәлдігі 0,5 м дейінгі мәнді құрады.

2. Дене салмағы (салмағы) – зерттелінушінің медициналық таразыда киімсіз күйінде өлшеу арқылы анықталды. Өлшеу дәлдігі 0,05 кг дейінгі өлшемді құрады.

3. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы (ӨТС) – тыныс алу жүйесінің функционалды күйін бағалауға арналған қажетті физиометриялық көрсеткіш. ӨТС дем алу, дем шығарудың резервтік көлемі мен тыныс алу көлемінің жиынтығына тең. ӨТС мұрынды қысқышпен жауып, сулы спирометрмен өлшенді. Сыналушы атмосфералық ауадан барынша дем алып, содан кейін спирометрге біртіндеп (5-7 сек.) дем шығарды. Осылай үш рет қайталанды және алынған нәтижелерден ең жоғарғысы таңдалды, Г.А.Макарова [145, б.85-86].

4. Кеуде қуысының көлемі (КҚК) – дем алу және дем шығару арасындағы кеуде қуысы көлемінің айырмашылығы. Өлшеудің жүргізілу тәртібі: сантиметрлік таспа алынады, сыналушы барынша дем шығарады да, кеуде қуысының көлемі өлшенеді, сосын барынша дем алады да, қайтадан өлшеу жүргізіледі. Ары қарай, көп өлшемнен азы алынып тасталады - алынған айырма кеуде қуысының экскурсиясы (төс немесе тікелей көкірек бұлшық еттерінің астында болсын – айырмашылығы жоқ, өйткені бұл жерде айырмашылық маңызды) болып табылады.

5. Қол динамометриясы – шекті жүктемесі 50 кг дейінгі динамометрмен қол бұлшық еттерінің күші өлшенеді. Зерттелінуші динамометрді саусақтарымен ұстап, қолын тік ұстаған күйде созады да, динамометрді барынша қатты қысады. Өлшеу екі рет қайталанып, ең жоғары нәтиже тіркеледі.

2.1.3 Медициналық - биологиялық өлшеулер

Спортшылар ағзасының функционалды күйі, В.Л.Карпман ұсынған әдістеме бойынша тереңдетілген медициналық тексеру (ТМТ) барысында зерделенді [154, б. 38].

Ағзаның функционалды күйін айқындау үшін, дәстүрлі әдістер, оған қоса заманауи медицинада қолданылатын аспаптық әдістер қолданылды. Тереңдетілген медициналық тексеру (ТМТ) Алматы қаласы «Спорттық Медицина және Оңалту орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны базасында жүргізілді.

ЖҚЖ функционалды күйі ЖСЖ; АҚҚ тыныштық күйдегі көрсеткіштері; арнайы жаттыққандық (жұмысқабілеттілік) PWC₁₇₀, ОМҚ көрсеткіштері бойынша айқындалды.

1. Жүрек соғу жиілігін өлшеу - жүрек-қан тамырлары жиырылу жиілігін өлшеу жүрек қызмет етуінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Өлшеу зерттелінушінің денесіне ешбір жүктеме берілмеген, тыныштық күйі жағдайында жүргізілді. Алынған деректер Г.А. Макарова ұсынған өлшемдер бойынша бағаланды (кесте 11).

Кесте 11- Г.А.Макарова бойынша жүрек соғу жиілігінің реті [145, б.75]

№ р/р	ЖСЖ көлемі соғу/мин	Дәрежелік мәні
1	60-80	қалыпты
2	80-100	жеделдетілген
3	100	тахикардия
4	59-50	бәсеңдетілген
5	< 50	брадикардия

2. PWC_{170} (Physical Working Capacity) әдісімен дене жұмысқабілеттілігін зерттеу, 12-кесте. Шестранд-Валунд немесе PWC_{170} сынамасы (Physical Working Capacity, ЖСЖ=170 соғу/мин кезіндегі дене жұмысының көлемі) бабына енуден кейін 170 соғу/мин-на тең ЖСЖ-і кезінде зерттелінуші жетілдіре алатын дене жүктемесінің қуатын (кг м/мин және Вт) анықтауға мүмкіндік береді, 1 теңдеу.

$$PWC_{170} = W_1 + (W_2 - W_1) \frac{170 - f_1}{f_2 - f_1} \quad (1)$$

мұндағы:

W_1 және W_2 – 1ші және 2ші жүктемелердің қарқыны (кг м/мин немесе Вт);
 f_1 және f_2 – бір минут ішіндегі 1-ші және 2-ші жүктемелердің соңғы минуттарындағы жүрек соғу жиіліктері.

Дене жұмысқабілеттілігі велоэргометр – жаттығу құрылғысының көмегімен анықталды, оның атқарым дәлдігі жоғары жүктеме деңгейін бақылауға мүмкіндік береді.

Велоэргометрияның басты жетістігі – жаттығулардың басты өлшемдерін (дене жүктемесі, ЖСЖ, жүріп өткен арақашықтық, ағымдық жылдамдық) алудың нақты автоматтандырылған жүйесі. Велоэргометрде орындалатын өлшемдер СБ еуропалық жүйесінің халықаралық стандарты бойынша тіркелді.

Зерттелінушілерге біркелкі қарқынды екі жүктемені 3-минуттық үзіліспен немесе онсыз орындап шығу ұсынылды. Педальді айналдыру жиілігі 60-80 айн./мин. аралығында тұрақты болды; әрбір жүктеменің орындалу уақыты 3 мин. құрады. Жұмыс қуаты, бірінші және екінші баспалдақтар арасындағы ЖСЖ айырмашылық минутына 40-тан аз болмады. Бірінші жүктеме қарқыны 1 Вт/кг, екінші жүктеменікі - 2 Вт/кг болды. Егер талап етіліп отырған ЖСЖ айырмашылығына қол жеткізілмесе, 2,5-3 Вт/кг есептен үшінші жүктеме тағайындалды. ЖСЖ пульсометрдің көмегімен (кеудеге бекітілген датчикпен) өлшенді (сурет 3).



Сурет 3 – Экспериментке қатысушы қыздың дене жұмысқабілеттілігін анықтау

12-ші кестеде В.Л. Карпман бойынша PWC_{170} көрсеткішінің мәнін бағалау өлшемдері, 13-ші кестеде В.Л. Карпман бойынша PWC_{170} және ОМҚ көлемі көрсеткіштерінің ара қатынасы берілген.

Кесте 12 - В.Л. Карпман бойынша PWC_{170} көрсеткішінің мәнін бағалау өлшемдері [139, б.120]

Жалпы дене жұмысқабілеттілігі	PWC_{170} (кгм/мин/кг)
Төмен	14 және одан төмен
Орташадан төмен	15-16
Орташа	17-18
Орташадан жоғары	19-20
Жоғары	21-22
Өте жоғары	32 және одан жоғары

Кесте 13 - В.Л. Карпман бойынша PWC_{170} және ОМҚ көлемі көрсеткіштерінің ара қатынасы [139, б.120]

PWC_{170} , кгм/мин	ОМҚ, литр	PWC_{170} , кгм/мин	ОМҚ, литр
500	1,62	1500	4,37
600	2,66	1600	4,37
700	2,72	1700	4,83
800	2,82	1800	5,06
900	2,97	1900	5,32
1000	3,15	2000	5,57
1100	3,38	2200	5,57
1200	3,60	2300	5,66
1300	3,88	2400	5,66
1400	4,13	2400	5,72

4. Оттегінің максималды қолданылуын (ОМҚ) анықтау. Жаттығу жүктемесін орындау барысында спортшыларда, әдетте қуат шығындау ұлғаяды және оттегіні (VO_2) қолдану артады. Спортшының дене жұмысқабілеттілігінің ең маңызды физиологиялық көрсеткіштерінің бірі оттегіні максималды қолдану (ОМҚ) болып саналады, ол минутына тұтынылатын оттегінің ең көп саны ретінде анықталады. ОМҚ жүрек-қан тамырларының аэробты қуаттылық өлшемін көрсетеді және минутына дене салмағына шаққандағы оттегімен (мл) көрсетіледі. Бұл көрсеткішті өлшеу, оның көлемін бой-салмақ қасиеттері әртүрлі адамдарда салыстыру үшін өте маңызды, 14-кесте.

Аталған көрсеткіш (л/мин, дәлірек айтқанда, мл/мин/кг) немесе оның қуатты баламасы (кДж/мин, ккал/мин) адамның дене күйін реттілікпен бағалауда басты болып саналады. Біздің зерттеуімізде, ОМТ В.Л. Карпманнның формуласы бойынша, PWC_{170} мәнінің көрсеткіштері бойынша есептелді, 2-теңдеу:

$$ОЖТ = 1,7 * PWC_{170} + 1240 \quad (2)$$

Кесте 14 – Балалар мен жасөспірімдердегі ОМҚ (J.Rutenfranz, T. Hettinger бойынша, 1959) [131, б.126]

Жасы	Ұлдар		Қыз балалар	
	л/мин	мл/мин/кг	л/мин	мл/мин/кг
9	1,51	50	1,22	40
11	1,93	50	1,49	39
13	2,35	50	2,03	43
15	3,17	53	2,02	38
17	3,7	54	2,19	38

2.1.4 Педагогикалық бақылау

Педагогикалық бақылау әдісі біздің зерттеуіміздің барлық кезеңдерінде жүргізілді. Педагогикалық бақылау мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылуы кезеңіндегі оқу-жаттығу үрдісінің мазмұны және оны ұйымдастыру ерекшеліктерін бағалау мен анықтауға мүмкіндік берді. Бұл бақылаулар педагогикалық экспериментті ұйымдастыру мен жүргізуді бақылауға ықпалын тигізді, оның барысында келесі сараптама жүргізілді: БЖСМ оқу-жаттығу сабақтарында қолданылатын дене жаттығулары мен іс-қимылды ойындар құрамы, балалардың әртүрлі қимыл белсенділіктеріне деген көзқарасы, фитнес-аэробика курсынан алынған жаттығу түрлері (мысалы, Bosu платформасы, Core (Кор) платформасы, теңестіруші диск-теңгерім және т.б. арнайы жаттығу тренажерларында), 8-12 жасар мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың денелік және іс-қимыл даярлығын бағалауға арналған бақылау жаттығуларының мазмұны.

Педагогикалық бақылау әдісі біздің зерттеуіміздің барлық кезеңдерінде қолданылды және бұл жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижесінде

қолданылған құралдарға заманауи түзетулер енгізуге, сонымен қатар, зерттеудің алға қойылған мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Педагогикалық бақылау нәтижесінде, жүргізілген педагогикалық эксперимент көрсеткіштері алынды, олар бойынша сараптама жүргізілді және аталған диссертациялық жұмыстың төртінші бөлімінде берілген қорытынды жасалды.

2.1.5 Педагогикалық эксперимент

Негізгі педагогикалық эксперимент, 2017 жылдың қыркүйегінен бастап 2018 жылдың маусымына дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Бостандық ауданының №5 МК БЖСТМ базасында жүргізілді.

Педагогикалық эксперименттің негізгі мақсаты – мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы жас спортшы қыздардың оқу-жаттығу топтарындағы (1-3) жаттықтыру әдістемесіне фитнес - аэробика құралдарын қолдана отырып ғылыми негіздеме беру.

Зерттеулерге, Алматы қ. (Қазақстан) спорттық мекемелерінде мәнерлеп жүзу бойынша секцияларда жүйелі түрде жаттығатын 9-12 жастағы жас спортшы қыздар қарастырылды.

Сыналушылар бақылау (20) және эксперименттік (20) болып екі топқа бөлінді, олар жас көрсеткіштері бойынша тең болды. Зерттеу нәтижесінде, дененің дамуы мен функционалды даярлығы, сонымен қатар спорттық біліктілік деректері бойынша салыстыру жүргізілді. Барлық жаттығу сабақтары шарты және ұзақтығы бойынша бірдей тәртіппен жүргізілді.

2.1.6 Сауалнамалық сұрау

Мәнерлеп жүзуші спортшы қыздардың жалпы дене даярлығы әдістемесі бойынша заманауи бағыттарын анықтау үшін, оқу-жаттығу топтарында (1-3 ОЖТ) жаттықтырушылардың арасында сауалнама жүргізілді (А-қосымшасы).

9-12 жастағы мәнерлеп жүзуші қыздардың үйлесімділігін (ептілік) және икемділігін дамытуға арналған жаттығулар кешенінің тиімділігін анықтау үшін, мәнерлеп жүзу бойынша жаттықтырушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама 2018 жылдың наурыз айында, Алматы қаласының «Рахат фитнес» жүзу бассейнінде мәнерлеп жүзуден Қазақстан Республикасының чемпионаты өтіп жатқан кезде жүргізілді. Сауалнамаға біліктілігі және еңбек өтілі әртүрлі жаттықтырушылар қатысты, 12 адамнан сауалнама алынды. Сауалнама жаттықтыру барысында, 9-12 жастағы мәнерлеп жүзуші жас қыздардың үйлесімділігін, ептілігі мен икемділігін дамыту үшін, арнайы жаттығулар кешенін қолдану, осы дене қасиеттерін мәнерлеп жүзуде дамытудың маңыздылығы жөнінде түсініктің қалыптасуына мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижелері диссертациялық жұмыстың төртінші бөлімінде берілген.

Әр спортшының дене дамуын, даярлық нәтижелері мен көрсеткіштер динамикасының көп жылдық мониторингін жүзеге асыру мақсатында арнайы карта толтырылды, Б-қосымшасы.

2.1.7 Денелік және техникалық даярлықты тестілеу

Тестілеу спортшы қыздардың, соның ішінде оқу - жаттығу топтарында (1-3 ОЖТ) бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі дене және техникалық (жүзу) даярлығын анықтау үшін жүргізілді. Спортшылардың үйлесімділік қабілеттерін, ептілігін, икемділігін, төзімділігі мен шапшаңдықты - күшті қасиеттерін бағалау үшін, біз әртүрлі тапсырмалардан тұратын тестілер кешенін қолдандық.

Спортшылардың қарқынды дене даярлығы жылдық жаттығу кезеңінде, үш рет жүргізілген тестілеу нәтижелері бойынша анықталды: 1 – жалпы даярлық кезеңінде (қыркүйек); 2 – даярлық кезеңін арнайы даярлық кезеңінде (ақпан); 3 – жарыс кезеңінде (маусым). Тестілеу үнемі бірегей өткізілді: екі күн бойы, орындалу күрделілігіне байланысты бір ретпен жүргізілді. Тест жүргізуге бір апта қалғанда, жаттығу берілген бағдарлама бойынша өткізілді, содан кейін қатысушы спортшы қыздарға бір күндік демалыс берілді.

Залда анықталатын, ЖДД, төрт жаттығу арқылы бағаланды:

1) Колды бұғу-жазу – колды еденде жатқан күйде тіреп жазу. Жас спортшы қыз қолайлы қарқында қолдарын анағұрлым көп рет бүгіп, жазады. Орындалу міндетті шарттар: кеудені еденге тигізу, қолды толық жазу, бел омыртқа қозғалыссыз болып, үзіліссіз орындалуы қажет. Жаттығуларды орындауды қайталау саны көзбен мөлшерлеу арқылы есептеледі, бір рет орындалады.

2) Аяқты көтеру (саны, 30 секундта). Б.к. – арқамен жату, спортшы қыздар аяғын табаны еденге тигенше басынан асырып (аяқтарын бүкпей) көтеруді орындады. Жаттығу 30 секунд ішінде орындалды.

3) Асылып аяқпен бұрыш жасау. Спортшы қыз қолы мен аяқтарын тік ұстап, иықтан сәл кең деңгейде кермеде асылады. Содан соң, жамбасымен алға қарай аздаған қимылдар жасап, аяқтарын жоғары көтере бастайды. Аяқтарын барлық жасаған әрекет бойы тік және бір қалыпта ұстауы қажет. Ары қарай, аяқтарын белден сәл жоғары деңгейде көтереді. Осы қалыпта ұстап тұру уақыты секундпен белгіленеді. Спортшыларға екі рет мүмкіндік берілді және ең үздік нәтиже есептелінді.

4) Бір орыннан ұзындыққа секіру (см). Еденге сызық сызады, осы сызыққа көлденеңінен 3 метрлік бөлімді бағамдар жүргізілді. Спортшы қыз сызықта тұрып, секіреді. Бұдан әрі, ұзындыққа секіру есептеулерінің жалпыға ортақ ережелері бойынша өлшеу жасалынды. Спортшыларға екі мүмкіндік берілді және ең үздік нәтиже есепке алынды.

Залда анықталған АДД, үш жаттығу арқылы бағаланды:

1) «Иілу» – бастапқы қалыпты күйде жүргізілді, спортшы қыз, гимнастикалық орындықта отырған қалпы, алға қарай иіледі (аяқтарын бүкпейді), сонымен қатар қолдарымен мүмкіндігінше төмен тартуға тырысады. Гимнастикалық орындықтың биіктігі 35 см құрайды. Дененің қалпы 3 секунд ішінде белгіленді. Бұдан әрі сантиметрлік таспамен 0,5 см дәлдікпен, саусақ сүйектерінен қол саусағына дейінгі ара қашықтық өлшенді. Бір реттік мүмкіндік берілді.

2) «Шатқа отырыс»: а) оң және сол жақ аяқ гимнастикалық қабырғада бүйірімен тұрып орындалады, сонымен қатар спортшы қыз бір қолымен

гимнастикалық қабырғаның тақтайшасынан ұстайды, ал екінші қолын бір жаққа қарай жібереді. Алынған нәтиже гимнастикалық қабырғаға тік бекітілген өлшеуіш сызғышпен есептелінеді. Нәтиже 1 см дейінгі дәлдікпен сантиметрмен өлшенеді, еденнен шапқа жақын орналасқан алдыңғы мықынға дейінгі жердің ара қашықтығы. Әр аяқ үшін бір мүмкіндіктен; б) көлденең - аталған шатқаотырыс түріне, олар 180 градус бұрыш жасағанға дейінгі қарама - қарсы бағытта қойылған аяқтар жатады.

3) «Тепе-теңдік» - негізгі дене қалпы: спортшы қыздар оң жақ аяқпен тұрады, сол жағы бүгулі, оң аяқтың тізесімен аяқтың ұшымен тұру. Шынтақ денеге қысылған, қол бүгілген, білек денеге қатысты 90⁰ бұрышпен орналасқан, қол буындары жинақталған. Белгі бойынша, спортшы қыз көзін жұмып және осы қалпында ұзағырақ уақыт тұруы қажет. секунд өлшеуіштің көмегімен, тепе - теңдікті сақтау уақыты белгіленеді, өлшеу дәлдігі 0,1 дейінгі секундты құрауы қажет. Секунд өлшеуіш белгі бойынша қосылады және егер сыналуды көзін ашса немесе қалпын өзгертетін болса сол сәтте өшіріледі. Екі мүмкіндік беріледі және ең үздік нәтиже есептелінеді.

Алынған нәтижелерді бағалау, 15-кестеде көрсетілген, бағам бойынша жүзеге асырылды.

Кесте 15 - В.И.Лях бойынша, тестілерді бағалау көрсеткіштерінің бағамы [199]

Деңгейі, тест	Орташадан төмен	Орташа	Орташадан жоғары
Ұзындыққа секіру, см.	141-160	161-180	180 және одан жоғары
Иілу, см	4 және одан жоғары	5 – 9	10 және одан жоғары

Техникалық даярлық деңгейі (жүзу), негізінен М.Н.Максимованың оқулығында берілген жаттығулар арқылы анықталады [65, б. 37].

1) ОЖТ 1-3 оқу жылдарындағы 50 м кеудеде кроль тәсілімен жүзу және 100 м кешенді жүзу (25 м. баттерфляй, 25 м шалқалап жүзу, 25 м брасс, 25 м кеудеде кроль тәсілімен жүзу) сек.;

2) Сүңгу, сек. Спортшы қыз дем алады, сосын суға «эгбитэ» қалпында енеді. Суға бату тереңдігі су бетінен 1 м аспауы қажет. Секунд өлшеуішпен, суға батқан кезден бастап сүңгіген уақытты қосқанда, су астында тұрған уақыт белгіленеді. 40 секунд үзіліспен үш рет әрекет жасауға мүмкіндік беріледі, үш рет жасалған әрекет үшін орташа нәтиже есептелінеді.





3) «Эгбитэ» қолды жоғары көтеру. Бастапқы күй: спортшы қыз басын жоғары көтеріп, иығын су бетіне, екі қолын жоғары қаратып тік қалпында орналасады. Осы мықын күйінде, аяқ пен тізе алшақ, сирақ пен табан айналмалы қимылдарды сипаттайды. Секунд өлшеуішпен «эгбитэ» орындау уақыты белгіленеді. Берілген тестіде «эгбитэ» қолды көтеруді орындау кезіндегі тепе-теңдік тұрақтылығы бағаланады. Бір рет әрекет жасау мүмкіндігі беріледі, өлшеу дәлдігі 0,1 секундты құрайды.

4) «Бұрама– айналу» - бұл спортшы қыздың басы, денесі мен аяғын, басын төмен қаратып тік бағытта орналасқан қалпы. Спортшы 360⁰ айналып, топтасудан тік жасайды, содан кейін суға батады. Жаттығуды дене тізеден жоғары мықыннан 1/3 деңгейде күйдегі жоғары биіктікте орындайды және табан су бетімен қиылысқан кезде, ол аяқталады, көлденең жазықтықта ауысуға жол берілмейді. Аталған тестіде айналу және бату градуспен айналу дәлдігін орындау кезінде, тепе-теңдік тұрақтылығы бағаланады. Нәтиже 1-ден 5-ке дейінгі баллмен анықталады. Екі мүмкіндік беріледі, ең үздік нәтиже есептеледі [65, б. 44].

5) «Тіректі есу». Спортшы суда басы төмен қараған (кері тік қалпында), қолдары шынтақ буындарында бүгілген, қолдың буындары алақанмен бетке қарай жазылған қалпында болады және білекпен бірге не көлденең, не су бетінің кейбір бұрыштарының астында орналасқан [102, б. 49]. Тіректі есудегі қимыл үлгісі, бұрып жіберу және келтіру сатылары күйінде беріледі. Бұрып жіберу сатысында, қолдың буындары сыртынан төмен қарай, келтіру сатысында қолдың буындары ішінен төмен қарай орналасқан. Тіректі есу техникасын орындаудың дұрыстығы белгіленеді, ол қол буындарына, үнемі шынтақ қалпына, көлденең жазықтықтағы үлкен амплитуда мен жоғары емес, бірақ тұрақты қарқынға қатысты күйге тән екендігіне негізделеді.

б) «1-міндетті бейнелі қимыл». 2017-2021 жж. FINA ережелеріне сәйкес, 12 жас және одан кіші жасанаттар үшін, бірінші міндетті бейнелі қимыл 106 «Тік балеттік аяғы» болып саналады, күрделілік коэффициенті - 1,6. Бейнелі қимыл «арқамен жату» бастапқы қалпынан басталады, бір аяқты «балеттік аяғы» қалпына дейін көтеру орындалады. Содан кейін, мықынның тік қалпын сақтай отырып, тік аяқ бүгіледі, сосын «арқамен жату» күйінде денесін тік ұстайды. Бағалау баллмен жүргізіледі, 16-кесте.





Кесте 16 - 106 «Тік балеттік аяғы» міндетті бейнелі қимылды орындауды бағалау, күрделілік коэффициенті - 1,6; 2017-2021 жж. FINA ережесі [200, б. 68]

				Total
NVT=	18.5	11.0	10.5	40
PV =	4.63	2.75	2.63	

7) «2 – міндетті бейнелі қимыл». 2017-2021 жж. FINA ережелеріне сай, 12 жас және одан кіші жасанаттары үшін, екінші міндетті бейнелі қимыл 301 «күрделілік коэффициенті - 1,9» «Барракуда» болып саналады. Бейне арқада бастапқы қалыптан басталады. «Бүктелу» қалыпта (аяқтар су бетінен перпедикуляр, табандар су бетінің астында орналасқан) қабылдайды, содан кейін тігінен (итеріп шығарып) бір мезгілде жоғары қарай жылдам көтерілген жөн. Тік қалпын сақтай отырып, спортшы қыз төмен қарай батады. Бейнелі

қимыл табандар су беті астына жасырылғанда аяқталады [65, б. 71]. Бағалау баллмен жүргізіледі, 17-кесте.

Кесте 17 - 2017-2021 жж. FINA ережелерінің күрделілік коэффициенті-1,9; 301 «Барракуда» міндетті бейнелі қимылды орындауды бағалау [200, б. 68]

				Total
NVT=	10.0	31.0	15.0	56
PV =	1.89	5.54	2.68	

2.1.8 Дене құрылымдарына талдау жүргізу

Спортшылар ағзасының маңызды құрылымдарының теңгерімі - бұл жақсы көңіл - күй, жақсы жұмысқа білеттілік және тұтастай денсаулық күйі. Заманауи технологияның дамуы жағдайында, күрделі талдаулар мен зерттеулерсіз, өз дененің құрамын дәл білу. Небәрі арнайы аспапты-дененің үйлесімділік құрамы (биоимпедансометр) талдағышын қолдануға болады, ол бүкіл ағзаға сканерлеу жүргізеді, сосын алынған деректерді компьютерлік өңдеуден өткізгеннен кейін дәрігерге дене құрамы туралы қорытынды береді [201, 202].

«Tanita- 413» (Жапония) компьютерлендірілген сараптамалық кешен арқылы, біз жас спортшылардың дене құрылысының сандық көрсеткіштеріне сараптама жүргіздік, оған келесі құрамдастары кіреді:

1. Май көлемі (яғни, ағзадағы барлық май жасушыларының жиынтық салмағы);

2. Майсыз көлемнің (май болып саналмайтынның барлығы: бұлшық еттер, барлық ішкі мүшелер, ми, жүйке, сүйек және ағзадағы барлық сұйықтық) құрамы. Аталған көрсеткіш зат алмасуды, ағза қолданатын қуат көлемін бағалау үшін қолданылады және тәулік ішінде қабылданған тамақ үлесін есептеу үшін қажет;

3. Белсенді жасуша салмағы (бұлшық еттерді, мүшелерді, сүйектерді, жүйке жасушаларын құрайтын, яғни суды есептемегендегі, майсыз салмақ бөлігі) – бұл көрсеткіш белгілі деңгейде болуы қажет, бұл тағамның үйлесімділік көрсеткіші;

4. Ағзадағы барлық су құрамы (жалпы су, жасушадан тыс және жасуша ішіндегі сұйықтықтар) – яғни, байланысты, сонымен қатар бос күйіндегі, ағзаның сұйықтықпен қанығу көрсеткіші, ол ісіну - метаболизмдік синдромды, әртүрлі су және электролитті алмасудың бұзылыстарын диагностикалауға және т.б. көмектеседі.

Зерттеуге енгізілген биометриялық көрсеткіштердің (жасы, бойы, бел ауқымы, бөксе ауқымы, білек, жынысы және т.б.) арқасында, ағзаның қосымша өлшемдері алмасу үрдістерінің деңгейі есептеледі, сонымен бірге аталған адам үшін лайықты көрсеткіштерді салыстыруда оларға бағалау жүргізіледі, бұл

нормативтік мәндерден ауытқуларды анықтауға және тексеру нәтижелерін түсінікті, графиктер мен салыстырмалы кестелер түрінде ұсынуға мүмкіндік береді.

2.1.9 Алынған нәтижелерді математикалық өңдеуден өткізу

Педагогикалық эксперимент нәтижесінде алынған нақты материалдар, математикалық өңдеуден өткізіледі.

Өлшемдерді бағалау аталған есептеулер негізінде жүргізілді: \bar{X} - орташа арифметикалық шама; Sx – стандартты ауытқу; S – орташа арифметикалық шама қателігі; t - Стьюдент айырмашылық өлшемдері.

Алынған деректерді өңдеу Excel компьютерлік бағдарламасының көмегімен жүргізілді.

Математикалық өңдеу әдістері, жиынтық қолданылатын сандық сипаттамалардың сенімділігі мен анықтығын нақты негіздеу үшін; эксперименттік және бақылау топтары көрсеткіштерінің елеулі айырмашылық өлшемдерін анықтау үшін қолданылды. Нәтижелердің маңыздылығы, егер осындай кесте бойынша мәндерде (Стьюдент өлшемінің шекаралық мәні) 95% кем емес мәнге тең болғанда, анықталған болып есептелінді [203 - 205].

2.2 Зерттеудің ұйымдастырылуы

Зерттеу 2015-2018 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Алматы қаласы Бостандық ауданының №5 МК БЖСТМ базасында жүргізілді және үш өзара байланысты кезеңдерден тұрды.

Зерттеудің бірінші кезеңі (2015 жылғы қыркүйек - 2017 жылғы тамыз аралығы). Бұл кезеңде зерттеу мәні мен нысаны, зерттеу тұжырымы, мақсаты мен міндеттері анықталды, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық сараптама жүргізілді және отандық, шетелдік ғалымдардың деректері жинақталды. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін, әдіснамалар анықталып, педагогикалық эксперимент жоспары әзірленді.

Зерттеудің бұл кезеңінде мәнерлеп жүзуден ҚР ұлттық құрама командасы спортшы қыздарының дене құрылымдары мен дене даярлығы сипаттамасы бойынша алдын-ала эксперимент жүргізілді [206, 207]. Зерттеу нәтижелері спортшы қыздардың үйлесімділік қабілеттеріндегі негізгі олқылықтарды көрсетті. Сондықтан, спорттық резервті даярлау үрдісін жетілдіру мен жақсарту мақсатында фитнес құралы ретінде Bosu платформасын қолдану шешімі қабылданды. Алдын-ала эксперимент КазСТА-ның спорт ҒЗИ-да сертифицикатталған аппараттармен жүргізілді.

Зерттеудің екінші кезеңі (2017 жылғы қыркүйектен бастап – 2018 жылғы маусымға дейін). Бұл кезеңде педагогикалық эксперимент жүргізілді. Біз мәнерлеп жүзу тобынан 40 адамнан тұратын, 9 - 12 жастағы қыз балалардан 2 топ құрдық. Олар бір типтегі топтарға - бақылау (БТ=20) және эксперименттік (ЭТ=20) болып бөлінді.

БТ және ЭТ ЖДД бойынша жаттығу сабақтары мәнерлеп жүзуден мамандандырылатын спортшы қыздарға арналып гимнастикалық залда

жүргізілді. Эксперименттік жұмысқа арналған жаттықтыру құрылғысы ретінде, Bosu платформасы қолданылды.

«Bosu balance trainer» - жаттығу құрылғысының толық атауы осылай аталады. Bosu платформасы – жаңа жүйе, ол анағұрлым танымал болып келеді. Оны тағы да Bosu-жартылай шар деп те атайды. Ол 1999 жылы маман Дэвид Уэкпен, фитболға анағұрлым қауіпсіз балама ретінде әзірленді [208].

Bosu-платформасы фитнеспен айналысуға арналған арнайы жаттығу құрылғысын білдіреді. Бұл диаметрі шамамен 63 см құрайтын пластик платформа. Тасымалдау қолайлы болу үшін, табанында екі сабы қарастырылған. Онда биіктігі шамамен 30 см құрайтын, резеңке күмбез – жартылай шар пішінді құрылғы орналасқан. Сырттай қарағанда, Bosu фитболдың жартысын еске салады деп айтуға болады [209] (сурет 4).



Сурет 4 – Арнайы жаттықтыру құрылғысы Bosu-платформасы

Онда тұруға, секіруге, теңестіруге, отыруға және сүйенуге болады. Осы іс-қимылдардың бәрін жаттықтыру құрылғысын табаны мен жоғары бөлімін қолдана отырып, екі жағынан жасауға болады. Дәл осы ерекшелігінің арқасында, босу өз атауын алды, Both Side Use аббревиатурасынан шығады – «екі жағынан қолдану». Bosu-платформасы - жабдықты өндірушілердің шығармашылығының нәтижесі болып табылады. Тұрақсыз фитнес - платформалардың эволюциясы біршама ерте басталды. Заманауи Bosu-дың баламасы 1999 жылдың аяғында шығарылды. Ол кәсіби спортшылар үшін арналды. Осындай жаттығу тренажерларында америкалық волейболшылар, хоккейшілер, АҚШ тау шаңғысы және сноуборд бойынша құрама мүшелері айналысады [210].

Bosu платформасында айналысу степ-аэробиканы – көптеген ұқсас жаттығуларды еске салады, алайда оларда күрделі хореография болмайды, себебі осы және өзге қимылды орындай отырып, тепе-теңдікті сақтау үшін тағы жұмыс істеуге тура келеді.

Bosu-платформасы қолданылған жаттығулар, әдеттегі күш қолданатын жаттығуларда қатыспайтын, адамның терең бұлшық еттерін даярлауға мүмкіндік береді, сонымен бірге осы бұлшық еттерді, бәрінен бұрын омыртқа

жотасының жұмысын және тұтастай алғанда, денсаулықты нығайту, жақсарту және даярлау үшін қажет.

Фитнес – аэробика элементтерін қолдана отырып, ЖДД сабақтарын жүргізу құралдары мен әдістерін дұрыс таңдау кезінде, балалардың ағзасына оң әсерін тигізеді. Бұл әсерді, жалпы, сонымен қатар жекелеген әсерлерден байқауға болады. Спорт сабақтарында ағзада болатын негізгі физиологиялық өзгерістер: 1) ЖСЖ артуы; 2) АҚҚ көтерілуі; 3) ТЖ өсуі; 4) ҚМК ұлғаюы.

Эксперимент бір құрал көмегімен, бір тәулік мерзімінде жүргізілді.

Үшінші зерттеу кезеңі (2018 жылғы шілде - 2018 жылғы желтоқсан аралығы) - қорытындылау. Осы кезеңде алынған зерттеу нәтижелерге талдау, заманауи статистикалық әдістерді қолдана отырып, алынған деректерге өңдеу жүргізілді. Әзірленген әдістемелерді үйлесімділік қабілетін дамыту үшін, қолдану үрдістердің тиімділігіне сараптама және бағалау, сонымен қатар тәжірибелік ұсыныстарды, мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы спортшы қыздардың оқу-жаттығу топтарында (1-3 ОЖТ) ЖДД бойынша жаттықтыру үрдісіне қолдану жүргізілді. Диссертациялық жұмыс мәтінін рәсімдеу және қорытындыны тұжырымдау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Зерттеудің барлық кезеңдерінде ғылыми баспалар мен конференцияларға арналған басылым материалдарын даярлау бойынша жұмыстар жүргізілді.

2 тарау бойынша тұжырым

Екінші бөлімде ұсынылған материалдар бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

- зерттеуде заманауи әдістер кешені қолданылды, олардың көмегімен мамандардың жинақталған пікірі, педагогикалық бақылаулар, педагогикалық эксперименттер жүзеге асырылды, мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың денелік, техникалық даярлығы, дене жұмысқабілеттілігі, заманауи математикалық статистика әдістерінің алынған деректерін өңдеу арқылы олардың ағзасының функционалды күйі зерделенді;

- педагогикалық эксперимент мазмұны және біздің әзірлеген фитнес бағытының құралдарын қолдану бағдарламасы, заманауи ұстанымдарға сүйене отырып, мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы жас спортшы қыздарды даярлаудың бастапқы мамандандырылу кезеңінде анықталды. Оларды ұйымдастыруда және өткізуде, айналысушылардың бастапқы жас ерекшелік деңгейлерінің төмендеуімен, жеке және топтық жаттығуларда мәнерлеп жүзуші қыздарды терең мамандандыру, күрделі акробатикалық элементтерді қосу салдарынан, спортшы қыздардың техникалық даярлығының анық күрделенуінен туындаған қарама-қайшылықтар мен спорттық резервін анағұрлым көбірек жетілдірілген даярлау технологиясы талабын қанағаттандыру қажеттілігі үлкен маңызға ие болды.

3 БЖСМ-ДЕ МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУДЕН СПОРТТЫҚ РЕЗЕРВТІ ДАЯРЛАУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮШІН ФИТНЕС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Мәнерлеп жүзуден жалпы дене даярлығы бойынша бағдарламаны жетілдірудің алғышарттары

Бұдан алдын осы диссертациялық жұмыстың 1.3 бөлімінде мәнерлеп жүзу және басқа да спорт түрлері бойынша БД пен ОЖТ спорттық резервті даярлаудың бағдарламалық және нормативтік негіздеріне шолу жасалған болатын.

Көптеген әдеби дереккөздерінің [14, б.187; 70, б.110; 183, б.7-8; 171, б. 622, б. 638, б. 650], мәліметтері бойынша, спортшылардың көпжылдық жаттығуларының барлық кезеңдеріндегі спорттық даярлық үрдісінің негізгі жақтары болып табылатын мәселелер:

- дене даярлығы (күш, шапшаңдық, икемділік, ептілік, үйлесімділік, төзімділік, кеңістіктікте бағдарлану сияқты негізгі дене қасиеттерінің даму дәрежесі);

- техникалық даярлық;
- тактикалық даярлық;
- моральды-ерікті даярлық;
- теориялық даярлық.

Мәнерлеп жүзуден спортшыларды даярлау жүйесі күрделі жүйелердің бірі болып табылады және оны мәнерлеп сырғанау, спорттық және көркем гимнастика, суға секіру, акробатика және т.б. сияқты спорт түрлерімен салыстыруға болады. Бұл спорт түрлерінің жаттығу үрдістері даярлықтың әр алуан түрлерін, соның ішінде: спорттық жүзуді, арнайы жүзуді (мәнерлеп жүзу), акробатикалық, хореографиялық және музыкалық даярлықты қамтиды [211].

Соңғы отыз жыл ішінде арнайы даярлықтың әртүрлі жақтарын жетілдіру әдістемесі бойынша бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді, ол туралы бірқатар диссертациялық жұмыстар куәлік етеді, олар: мәнерлеп жүзуден Г.И. Медведчуктің [212], И.В. Белоусованың [213], Т.П. Степанованың [214]. Н.Н. Ларинаның [215], Е.А.Золотованың [216]; ары қарай спорттық гимнастика мысалында А.И. Бузюннің [217], А.С. Исмаилованың [218]; мәнерлеп сырғанау бойынша И.В. Абсалямовтың [219] және тағы басқа бірқатар еңбектер.

Мәнерлеп жүзудің спорт түрі ретіндегі ерекшелігі сол, спортшының жарыстық қызметі техникалық (міндетті) және ұзақ (ерікті) бағдарламаларды орындау болып екі бөлімнен тұрады [13, б.131; 138, б. 5; 158, б. 3; 108, б. 13].

Міндетті бағдарламада спортшы қыздар нақты техникалық элементтерді белгіленген тәртіппен орындайды. Ерікті бағдарламада музыкалық немесе хореографиялық үйлесімділікке қандай да бір шек қойылмайды.

Техникалық бағдарлама Халықаралық жүзу федерациясымен (FINA) олимпиадалық кезеңге бекітілген жіктемелі бейнелі қимылдардың жиынтығын қамтиды [220].

FINA 2017-2021жж. жарыс ережелеріне сай мәнерлеп жүзуші қыздар міндетті бағдарламаны орындау барысында жас ерекшеліктері бойынша топтарға бөлінеді де, өз жас деңгейіне сай бейнелі қимылдарды орындайды. Жоғарыда аталған 2017-2021жж. жаңа ережелерге сай, мәнерлеп жүзуде төменде көрсетілгендей жас деңгейлері айқындалады:

1) 12 және одан кіші жас санатты спортшы қыздар төрт бейнелі қимылды орындайды;

2) 13-15 жас аралығындағы спортшы қыздар бір-бірінен осы жас кезеңіне сай күрделілік коэффициентімен ерекшеленетін төрт бейнелі қимылды орындайды;

3) 15-18 жас аралығындағы спортшы қыздар. Күрделілік коэффициентімен ерекшеленетін жеткіншектер мен ересектерге арналған бейнелі қимылдарды орындайды. Сондай-ақ, бұл топта техникалық және ерікті бағдарламалар орындалады.

Адамның әрбір қозғалысы – дене бұлшық еттерінің жиырылуы мен босаңсуының бірлескен нәтижесі болып табылады. Бұлшық еттердің белгілі топтарын дұрыс пайдалану қимылды сәтті орындаудың кепілі болып табылады. Бұлшық еттерді босаңсыта білмеу қимылды бөгеп, бұлшық еттердің ширығуына әкеп соғады. Мәнерлеп жүзуде мұндай құбылысты «үйлесімділік ширығуы» деп атайды. Үйлесімділік ширығуы жетілмеген қимыл үйлесімділігі (жаңадан келген спортшыларда) нәтижесінде немесе тым күрделі үйлесімділік қимылдарын орындау кезінде байқалады [158, б. 20-21].

Міндетті бейнелі қимылдарды орындау кезіндегі судағы қимыл әрекеттерінің ерекшеліктеріне жүргізілген сараптама көрсеткендей, мәнерлеп жүзуші қыздардың шеберлігі үшін маңызды, ал басқа спорт түрлеріне тән емес немесе жекелей бір спорт түрлеріне ғана тән, бірақ мәнерлеп жүзуде айрықша көрініске ие болатын бірқатар факторлар бар.

Спорттың барлық түрлерінде, соның ішінде мәнерлеп жүзудегі, спортшылардың көпжылдық даярлық бағдарламалары дене қасиеттерін, функционалды мүмкіндіктерді жетілдіру динамикасын және жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге арналған әрбір даярлық кезеңіндегі спорттық қабілеттердің өзіне тән құрылымын дамытуды қамтиды.

ЖДД дене қасиеттерін және қабілеттерін, қимыл дағдылары мен икемділіктерін, функционалды мүмкіндіктерді жан-жақты дамытуға бағытталған. ЖДД жалпы жұмысқабілеттілікті күшейтуге мүмкіндік береді, осы спорт түріне қажетті және соған тән дене қасиеттерін жетілдіру алғышарттарын жасайды [138, б. 9].

Мәнерлеп жүзуден ЖДД барысында, кросстық жүгіру, секіру жеңіл атлетикалық жаттығулар; өз салмағымен, ауырлық түсіру арқылы, снарядтардағы сияқты жалпы дамыту жаттығулары; спорттық жүзу; спорттық ойындар кеңінен қолданылады.

Алдыңғы уақытта, Ю.В. Пармурзинаның [221], Т.В. Романованың [222], А.А. Гайворонскаяның [223] зерттеулерінде футболшыларды, балуандарды және сәйкесінше баскетболшыларды даярлау үрдісіне қолданбалы аэробиканы енгізу, сондай-ақ оны үйлесімділік қабілеттіліктерінің деңгейін көтеру

мақсатында қосымша құрал ретінде пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған болатын. Алайда, ЖДД барысында, күрделі-үйлесімді спорт түрлерінде фитнес бағытын, соның ішінде аэробиканы, пилатесті қолдану, Bosu платформалары, Core-платформалары және т.б. сияқты арнайы жаттығу құрылғыларын қолдану әзірге ғылыми негіздемесін таппай отыр.

12 жас және одан кіші жасанаты спортшы қыздардың бірінші тобына жататын, мәнерлеп жүзуші жас қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлау тиімділігін айтарлықтай көтеру мақсатында, біз зерттеу жұмысымыздың барысында оқу-жаттығу даярлығында үйлесімділік қабілеттерінің қызметін зерттеу бойынша педагогикалық эксперимент жүргіздік. ЖДД барысында үйлесімділік қабілеттілігіне, ептілікке, статодинамикалық тұрақтылыққа және икемділікке ерекше көңіл бөліне отырып, фитнес құралдарын пайдалану арқылы жаттығу кешендері орындалды.

Алдыңғы бөлімдерде көрсетілгендей, біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты мәнерлеп жүзуден спорттық резервті даярлау бағдарламаларын зерттеу және оларға талдау жасау, сондай-ақ жалпы дене даярлығы үрдісіне фитнес бағытты құралдарды енгізу мүмкіндіктері болып табылады. Бұл ретте фитнес құралдарын мәнерлеп жүзуші жас қыздардың жаттығу үрдісінде қолдану бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі жаттығу жүктемесінің көлемі бойынша талаптарды бұзбауы қажет. Әзірленген бағдарламаны қолдануды ескере отырып, жүктемені қажетінше қайта бөлуді ұқсас бағыттағы сағаттармен алмастыру арқылы жасадық. Жаттығулар 60 минуттан аптасына 1 рет жасалып отырды.

Осы диссертациялық жұмыстың 2.2 бөлімінде айтылып кеткендей, жұмыстың эксперименталды бөлімі үшін жаттығу құрылғысы ретінде - «Bosu» платформасы, теңгеруші диск-платформа, Core-платформа жаттығу құрылғылары сияқты фитнес құралдары пайдаланылды.

Бұл жаттығу құрылғыларының сипаттамаларын қарап шығып, біз олардың келесі пайдалы жақтарын анықтадық:

1. ЖДД жаттығуларын жүргізудің құралдары мен әдістерін дұрыс таңдай отырып, Bosu платформасында фитнес-аэробикасын пайдалану балалардың ағзасына оң әсер етеді, бұл әсер тез, әрі шоғырланымдық тиімділіктермен айқындалады. Спорттық сабақтар кезінде ағзада болатын негізгі физиологиялық өзгерістер, бұл: 1) ЖСЖ артуы; 2) АҚҚ көтерілуі; 3) ТЖ артуы; 4) ҚМК көбеюі. «Bosu» платформасы фитнес – аэробикасы пайдаланылатын сабақтарда шоғырланымдық тиімділігіне қол жеткізу келесі жағдайларда көрінеді: 1) ЖСЖ төмендеуі; 2) ЖҚЖ дамуы; 3) АҚҚ қалыпқа келуі; 4) май қабатының азаюы; 5) ӨТС ұлғаюы; 6) денесін тік ұстауы; 7) қимыл қасиеттерінің (күштің, төзімділіктің, ептіліктің, икемділіктің және т.б.) жақсаруы; 8) қимылесінің дамуы; 9) жарақаттарды болдырмау; 10) эмоциялық күйдің жақсаруы.

2. Арнайы Core-платформа –жаттығу құрылғысының бір түрі, тұрақты қалыпты сақтай отырып, бұрылады және жан-жаққа қозғалады. Бұл жаттығу құрылғысы скейтбордта сырғанауға ұқсас келеді. Дененің тепе-теңдігін сақтау үшін, бұлшық еттердің әртүрлі топтарын кезек-кезек ширату арқылы теңгеру

кажет болады. Бұл кезде кіші жамбас пен пресс бұлшық еттерінің ұсақ топтары шынығады, аяқтардың күші артады. Ең бастысы, 1) тепе-теңдікті сезіну, 2) үйлесімділік жақсарады. «Core-Training» сабақтарында жүйелі түрде жаттығу дененің орталығын – арқа бұлшық еттерін, соның ішінде терең, және де құрсақ пресс бұлшық еттерін жетілдіреді.


Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде, біздің зерттеу жұмысымыздың алдына мынадай мақсат қойылды: 1) мәнерлеп жүзудегі спорттық резервті даярлаудың әртүрлі салаларын дамыту; 2) мәнерлеп жүзудің техникалық элементтерін, жаттығуларды және дене қасиеттері мен функционалды күйдің даму деңгейін көтеруді жүзеге асыру тәртібін өзінде біріктіре алатын құрал ретінде фитнес бағытын пайдалану бағдарламасын жасап шығару; 3) фитнес құралдарының жас спортшылардың денелік және техникалық даярлығына әсерін зерттеу.

3.2 Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлаудың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдардың пайдалану бағдарламасының сипаттамасы

Фитнес – бұл дене шынықтыруды ғана емес, сондай-ақ салауатты өмір салтын (тиімді тамақтану, зиянды әдеттерден бас тарту, психотренинг және т.б.) қамтитын спорттық бағыттағы сабақтар жүйесі [191, б. 12]. Егер бір құрылым жұмыс істемесе, онда барлық жүйе түгел әсер етпейді. Фитнес қазіргі таңда барлық жас санаттары үшін спортпен қызықты және пайдалы шұғылдану болып табылады. Фитнес бөлімдерінің бірі - топтық бағдарламаларды қамтитын аэробика. К.Купердің пікірінше, аэробика - бұл денсаулықты жақсарту үшін, музыкалық сүйемелдеумен орындалатын, ұзаққа созылған, қарқындылығы бірқалыпты дене шынықтыру жаттығуларының жүйелі қолданылуы [191, б. 13].

Фитнес сабақтарын жетілдіру мақсатында, мамандар аэробиканы бір-бірінен мақсаттары, құралдарының құрамы, шұғылданушылардың жас санаты (балаларға, жасөспірімдерге, ересектерге арналған аэробика) бойынша ерекшеленетін әртүрлі бағытта дамытуда, Лисицкая бойынша 5-сурет [224]. Сондай-ақ ол төмендегідей болып бөлінеді:

- шұғылданушылардың (спорт түрлерінің жаңадан бастап жатқан өкілдеріне және т.б.) даярлық деңгейі бойынша;
- сабақтың әртүрлі жағдайларда (залда, ашық алаңдарда, суда) өткізілуі;
- жаттығу құрылғыларын (степ-аэробика, слайд-аэробика және т.б.) пайдалану бойынша;
- доптар, секіртпе арқандар (қысқа және ұзын), гимнастикалық таяқтар және т.б. сияқты әртүрлі заттарды пайдалану бойынша.



Сурет 5 - Т.Б. Лисицкая (2002) бойынша топтық фитнес-бағдарламалар түрлері

Тренажерларды қолдана отырып фитнеспен айналысу – сұранысы жоғары бағыттардың бірі. Қазіргі таңда сауықтыру фитнесінде әртүрлі кардио-тренажерлар (жүгіру жолы (тредмилдер), велотренажерлар, эллипстік немесе кросс-тренажерлар, ескек тренажерлар, степ-тренажерлары) қолданылады.

Спорт дамуының қазіргі кезеңінде, мақсаттар мен міндеттерге байланысты, жеке түрлерге егжей-тегжейлі бөлінетін аэробика жіктемесі бар. Сызба түрінде ол 6-суретте көрсетілгендей болып келеді.

Сауықтыру аэробикасы – бұл шұғылданушылардың денсаулығын жақсартуға бағытталған сауықтыру дене шынықтыруының бағыты. Сауықтыру аэробикасының ерекшелігі жаттығудың аэробты бөлігінің бар болуында, оның барысында жүрек-қан тамырлары, тыныс алу және бұлшық ет жүйелерінің қызметі белгілі бір деңгейде сақталады. Қазіргі заманғы аэробикада кең ауқымда түрлі бағдарламалар бар. Негізгі бағдарламаларға классикалық (негізгі) аэробика жатады. Оны хореографиядағы классикалық бимен салыстыруға болады, бірақ құралдар мен жаттығулар құрамы емес, маңыздылығына бойынша.

Бұл аэробика әліппесі, тура осыдан басқа түрлерді зерттеу бастау алады, сондай-ақ, жалпы дамыту гимнастикалық жаттығулары, музыкалық

сүйемелдеумен орындалатын жүгіру, секіру және қарғу түрлерінің түзілуін ұсынатын, ең кең таралған аэробиканың тұрақты түрі (сурет 6).



Сурет 6 - Аэробика жіктемесі [191, б. 39]

Спорттық аэробика – бұл спортшылардың күрделі үйлесімді ациклді қимылдарды қамтитын үздіксіз және жоғары қарқынды жаттығулар жиынтығын, сондай-ақ күрделілігі әртүрлі құрылымдық топтар мен жұптардың арасындағы (аралас жұптардың, үштіктердің және топтардың бағдарламаларында) өзара қатынас элементтерін орындайтын спорт түрі. Бұл жаттығулардағы хореографияның негізін аэробикадағы дәстүрлі «негізгі» аэробтық қадамдар мен олардың түрлері қалайды [191, б. 42].

Қолданбалы (қосымша) аэробика – бұл өндірістік гимнастикадан, емдік дене шынықтыру (ЕДШ) мен түрлі ойын-сауық іс-шараларынан спортшылардың даярлаудың қосымша құралы ретінде кеңінен таралған дене тәрбиесі.

Біздің зерттеуіміздің барысында, мәнерлеп жүзуден мамандандырылушы жас спортшыларды бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлауда фитнес құралдарын пайдалану мақсатында әдістемесін қолданудағы аэробиканың ең тиімді бағыты қолданбалы аэробика болып табылады. Қолданбалы аэробика футбол, баскетбол, мәнерлеп сырғанау, бокс және т.б. спорт түрлерінде қолданысқа ие. Осы диссертациялық жұмыстың бірінші бөліміндегі әдеби дереккөздерінің сараптамасы, бүгінгі күнге дейін мәнерлеп жүзуде тек қолданбалы аэробиканың ғана емес, жалпы фитнесің қолданылмағандығын көрсетті.

Мәнерлеп жүзудің өзіндік ерекшеліктері бар, соған қарай аэробиканы бейімдеу керек. Ең алдымен, берілген жасқа оңтайлы болатын сабақ ұзақтығын, пульстік коридордың, демалыс аралығын және үйлестіру күрделілігін қамтитын жаттығулардың ең үздік тәртібін табу керек. Жас мәнерлеп жүзуші қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын, соның ішінде қолданбалы аэробиканы пайдалана отырып, жаттықтыру бағдарламасын құру кезінде, біз өзімізге осы кезеңдегі оқу-жаттығу үрдісінің денелік және техникалық даярлық жақтарын бөлу қағидасын ұстана отырып, берілген спорт түріне тән, айрықша ерекшеліктерін жүзеге асыруды ең маңызды мақсат етіп алдық.

Бұл ретте жас мәнерлеп жүзуші қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде жаттықтыру үрдісіне қолданбалы аэробиканың қосымша сабақтарын енгізу балалар ағзасына берілетін жаттығулар жүктемесінің жалпы көлемінің ұлғаюына байланысты тиімсіз болады.

Сондықтан, жасалған қорытындылар негізінде, біз жаттығу үрдісінің нәтижелілігін көтеру үшін жүктемені кейбір жекелей құрылымдарын фитнес құрылғыларын қолдану арқылы, қолданбалы аэробика құралдарымен алмастыру арқылы, қайта бөлудің есебінен көтеруді ұсынамыз. Біз өзіміз жасап отырған жас мәнерлеп жүзуші қыздарды фитнес құрылғыларын қолдану арқылы қолданбалы аэробика құралдарымен жаттықтыру бағдарламасы бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі даярлықтың нәтижелі құралы ретінде есептеледі, өйткені ол жалпы, арнайы денелік және техникалық даярлықтардың бірлестігі ретінде қарастырылып тұр.

Бұған дейін, біз осы диссертациялық жұмыстың 1.2 бөлімінде, мәнерлеп жүзуші жас қыздардың физиологиялық дамуы мен сезімтал кезеңдеріне талдау жасадық, оның нәтижесі бойынша зерттелініп отырған жасанаты 8-12 жас кезеңін құрайтын балалардың дамуында жалпы төзімділік, шапшаңдық, икемділік және үйлесімділік қабілеттерінің көрсеткіштері қарқынды түрде өсетіндігін көрсетеді. Оқытудың бастапқы кезеңінде балалардың бойында барлық дене қасиеттерінің және денсаулықтың үйлесімді дамуының іргетасы қаланады.

Сонымен, дене қасиеттері мамандандырылған техниканың деңгейі мен сапасын анықтайды. Біз жасаған мәнерлеп жүзуші жас қыздарды қолданбалы аэробика құралдарын және фитнес тренажерларды пайдалана отырып, жаттықтыру бағдарламасында техникалық және денелік даярлықтың жекелей жақтарын музыкалық сүйемелдеумен бірлестірдік. Біздің есебімізше, фитнес құрылғыларын пайдалана отырып жасалған қолданбалы аэробика кешенін жаттықтыру үрдісіне енгізу мәнерлеп жүзуші жас қыздарға ықтималдығы жоғары дәрежеде талап етілетін техникалық элементтерді меңгеруге мүмкіндік береді және шеберліктерін одан әрі жетілдірудің мықты негізін қалайды.

Мәнерлеп жүзуші жас қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі даярлауда фитнес құрылғыларын қолданбалы аэробиканы енгізе отырып пайдалану бағдарламасы тек қана осы дене белсенділігі түріне тән техникалық элементтердің жиынтығы болып табылады. Бұл элементтер өз алдына классикалық аэробика мен хореография элементтерінің бірлескен құралдары, олар музыкалық сүйемелдеумен орындалатын мәнерлеп жүзу техникасының элементтерін меңгеруде айрықша қол жетімді болып табылады. Классикалық аэробика элементтері аэробика терминологиясының және хореография элементтерінің кейбірімен сәйкес келеді, бұл әрине қабылдауды әлдеқайда жеңілдетеді.

Классикалық аэробика элементтері. Классикалық аэробика – бұл музыкалық сүйемелдеумен үзіліссіз және демалыссыз орындалатын жалпы дамытушы гимнастикалық және би жаттығуларының жиынтығы. Классикалық аэробиканың өзі негіздемелі қадамдар болып табылады [191, б. 83-86].

Бұл адымдарға үйрету қарапайымнан күрделіге қарай, негіздемелі адымдардан олардың түрлеріне қарай жүргізіледі. Сонымен, олардың негізгілерін атап өтіп, сипаттама бере кетейік.

March (марш) – табиғи жүріске ұқсайды, бірақ дәлдігімен ерекшеленеді. Аяқты түзу ұстап (денені тік ұстап), жамбастың ілеспелі қимылынсыз, екінші аяқты бүгіп, дәл алға көтеру қажет (тізе көлденең күйден төмен тұрады). Көтерілетін аяқтың табаны балтырдың жоғарғы үштен бір бөлігінің деңгейінде болады (яғни, табан буыны бұгулі болады) [191, б. 81-86].

Marching (Маршинг) – бір орында орындалады.

Walking (Уолкинг) – алға, артқа, қиғаш, шеңбер бойымен жылжиды.

Jog (Жүгіру) – тізелердің серіппелі қозғалысы.

Knee up (Ни ап) – тізені көтеру. Аяқтарды бірге ұстаған күйде: «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды; «2» - сол аяқты бүге отырып, көлденеңнен жоғары ілгері көтереді; «3» - сол аяқпен оңға қарай кері жылжиды; «4» - оң аяқты бүге отырып, көлденеңнен жоғары ілгері көтереді. Денені тік күйде ұстау қажет. Жамбастың көтерілетін аяққа ілесіп бұрылуына жол берілмейді. Тізені көтеру кезінде қимылдың кез келген түрін (бір орында тұру, кез келген бағытқа жылжу, бұрылу, адымдау, жүгіру, қарғу) қолдануға болады. Жаттығуды ілгері адымдап, оң аяқпен қиғашынан оңға қарай адымдап, оң аяқпен қиғашынан солға қарай адымдап; 1 реттен, бір аяқпен қатарынан 3 реттен, бір аяқпен қатарынан 7 реттен орындауға болады.

Curl (Кел) – 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды, дене ауырлығын бір аяққа түсіреді, тізе жартылай бұгулі болады, бірақ қосымша жүрелеп отырусыз, өкше еденде болады; «2» - сол аяқ артқа (бөксе бұлшық етіне қарай); «3» - «4» - оң аяқ артқа (бөксе бұлшықетіне қарай) бүгіледі.

Kick (Кик) – Сермеу. «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды, дене ауырлығын бір аяққа түсіреді, тізе жартылай бұгулі болады, бірақ қосымша жүрелеп отырусыз, өкше еденде болады; «2» - сол аяқты алға сермейді; «3» - сол аяқты оңға қарай кері қозғалтады; «4» - оң аяқты алға сермейді. Сермеу кезінде аяқ нақты алға көтеріледі, табанның кішігірім «аударылған» күйде болуына рұқсат етіледі, бірақ жамбас бұрылуындағы ілеспелі сермеусіз. Сермеу амплитудасы айналысушының даярлық деңгейімен анықталады, бірақ «айқас тәріздес» қимылға және сермеуден кейін аяқты бақылаусыз түсіруге (кұлауға) жол берілмейді. Аэробиканың сауықтыру бағыты үшін сермеу амплитудасының 90⁰-тан төмен болуы ұсынылады. Сермеудің кез келген түрі (бір орында, адымдауда, жүгіруде, секіруде) рұқсат етіледі.

Mambo (Мамбо) – мамбо би адымының түрі, 4 санағы бойынша орындалады. «1» - «2» - бір (оң) аяқпен ілгері (дене салмағын аяққа толықтай түсірмеу керек). «3» - «4» - бір (сол) аяқпен кері адымдайды.

Pivot (Пивот) – тіреліп тұрған аяқты (айналу нүктесін) айнала бұрылады. 4 санағы бойынша орындалады. Бір аяқ үнемі орнында қалады, екіншісі оны айнала қозғалады. «1» - оң аяқпен ілгері адымдайды (түгел табанымен), дене салмағы екі аяққа тең бөлінген болады. Содан, дене салмағын оң аяққа түсіріп, солға қарай шыр айналып бұрылады (қозғалыс өкшеден басталады). «2» -

тіреліп тұрған аяқты бүкпестен, дене салмағын сол аяққа түсіреді. «3» және «4» - «1» және «2» қимылдарды қайталап, негізгі бағытқа қайтады. Бұл кадам мамбо қимылымен жақсы үйлеседі.

Two Step (ту степ)– айнымалы адым. 1 «және» -2 санағы бойынша орындалады. 1 – оң аяқпен ілгері адымдайды; «және» - сол аяқты оң аяққа тақайды; 2 – оң аяқпен ілгері адымдайды, сол аяқ артта ұшымен ұсталады. Сосын қимылды екінші аяғымен қайталайды.

Basic step (Бэйсик степ) – жүрудің түрі. «1» - оң аяқпен ілгері адымдайды; «2» - сол аяқты тақайды; «3» - оң аяқпен кері адымдайды; «4» - сол аяқты тақайды.

V-step (Ви степ) – аяқтарды алшақ, сосын – бірге ұстап жүрудің түрі. Ілгері және кері жылжу арқылы орындалады. «1» - өкшемен бір аяқтан ілгері-жанына қарай адымдайды; «2» - соған ұқсас қимылды екінші аяқпен қайталайды (аяқтарды бөлек, аяқ ұштарын тік ұстап немесе кішкене сыртқа қарай бұрап ұстаған күйде). Адымдар бағыты «V» ағылшын әрпіне ұқсайды. «3» - «4» - кезегімен екі адым кері аттап және осылайша бастапқы қалыпқа оралады.

Box step (Бокс степ) – 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқпен сол аяқтың алдынан қайшылап адымдайды; «2» - сол аяқпен кері адымдайды; «3» - оң аяқпен оңға қарай алшақтайды; «4» - сол аяқты оң аяқпен бірге қойып тақайды.

Step-cross (Степ-кросс) – қайшылы адым нұсқасы. 4 санағы бойынша аяқтарды алшақ қойған күйден бастап орындалады. «1» - оң аяқпен ілгері адымдайды; «2» - сол аяқты оң аяқтың алдынан қайшылап адымдайды; «3» - оң аяқпен кері адымдайды; «4» - сол аяқпен кері адымдап, бастапқы қалыпқа оралады.

Zorba (Зорба) – қайшылы адым нұсқасы. 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқпен оңға қарай адымдайды; «2» - сол аяқпен оң аяқтың алдынан қайшылап адымдайды; «3» - оң аяқпен оңға қарай адымдайды; «4» - сол аяқпен оң аяқтың алдынан қайшылап адымдайды.

Kickball Change (Кик бол чейнч) – 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқпен ілгері 45⁰-қа қатты сермейді; «2» - оң аяқты кері әкетеді; «3» - оң аяқпен ілгері 45⁰-қа қатты сермейді; «4» - оң аяқты кері әкетеді.

Cha-cha-cha (Ча-ча-ча) – «ча-ча-ча» би адымының бөлігі. Үштік адым – музыканың негізгі санақтарының арасындағы қосымша қимылды адымдардың нұсқасы – «және» санағы бойынша. «1» - оң аяқпен адымдайды; «және» - сол аяқпен; «3» - оң аяқпен.

Lift side (Лифт сайд). «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды, дене салмағын бір аяққа түсіреді, тізені жартылай бүгіп ұстайды, бірақ қосымша жүрелеп отырусыз, өкше еденде болады; «2» - сол аяқты жанына әкетеді; «3» - сол аяқпен оңға қарай кері қимылдайды; «4» - оң аяқты жанына қарай әкетеді.

Pone (Понэ). «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды; «2» - сол аяқпен итереді; «3» - сол аяқпен оңға қарай кері қимылдайды; «4» - оң аяқпен итереді. Көбінесе бұл қимыл секіріп орындалады.

Scoop (Скуп) – тақап қою адымының нұсқасы, секіріп орындалады. «1» - оң аяқпен адымдайды (кез келген бағытта); «2» - секіріп екінші аяқты оған

тақайды; «3» - сол аяқпен оңға қарай кері қимылдайды; «4» - секіріп оң аяқты тақайды.

Open step (Оупен степ) – 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды, дене салмағын бір аяққа түсіреді, тізе жартылай бүгілген болады, бірақ қосымша жүрелеп отырусыз, өкше еденде болады; «2» - сол аяқты еденнен үзбей ұшына көтереді; «3» - дене салмағын оң аяқтан сол аяққа түсіреді; «4» - оң аяқты еденнен үзбей ұшына көтереді.

Twist Jump(твист джамп) – сандарды бұрау арқылы екі аяқпен секіру.

Toe touch, heel touch (Туу тач, Хилл тач) – аяқтарды ұшымен және өкшемен қою. 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды, дене салмағын бір аяққа түсіреді, тізе жартылай бүгілген болады, бірақ қосымша жүрелеп отырусыз, өкше еденде болады; «2» - сол аяқты ілгері ұшымен немесе өкшемен қояды; «3» - сол аяқпен кері оңға қарай қимылдайды; «4» - оң аяқты ілгері ұшымен немесе өкшемен қояды.

Lunge (Ландж) – адымдау. Әртүрлі бағытта (ілгері, жанына қарай, кері) орындауға болады. 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқты кері қарай әкетіп, ұшымен қояды; «2» - оң аяқты бастапқы қалыпқа аяқтарды бірге қойып тақайды; «3» - сол аяқты кері қарай әкетіп, ұшымен қояды; «4» - сол аяқты бастапқы қалыпқа аяқтарды бірге қойып тақайды.

Grapewine (Грейпвайн) – жанына қарай «қайшылап» адымдау. 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды; «2» - сол аяқпен оңға қарай кері адымдайды (қайшылап); «3» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды; «4» - сол балтырды кері қарай айқастырады.

Double step touch (Дабл степ тач) – тақау адымдарымен жанына қарай екілік қимыл жасау.

Chasse, Gallop- (галоп) 1-2 санағы бойынша орындалады. Бастапқы қалып – оң аяқты жанына қарай қояды (тізелер кішкене бүгілген). 1 санында – сол аяқты оң аяққа тақап (сол аяқпен оң аяқты қаға отырып), жоғары қарай секіреді. Тірексіз сатыда аяқтарды түзу ұстайды, жерге түгел табанмен түседі де, кішкене тізелерді бүгеді, сосын оң аяқ қайтадан жанына төмен қарай сырғанайды.

Chasse mambo front, back (Шассе мамбо фронт, бэк) – секіріп орындалатын, тақау адымының бір түрі. 4 санағы бойынша орындалады. «1» - оң аяқпен жанына қарай адымдайды; «2» - сырғанап секіріп барып сол аяқты оң аяққа тақайды; «3» - «4» - жарты мамбо ілгері немесе кері.

Repeat (Репит) – кез келген адымды екі немесе одан көп рет қайталау.

Superman (Супермен) – аяқтарды бірге ұстаған күйден 4 санағы бойынша орындалады. «1» - бүгілген оң аяқты ілгері тік бұрышқа көтереді; «2» - сол аяқтан оң аяққа секіреді; оң аяқ бұгулі болады және сол аяқты қағады; «3» - бүгілген оң аяқты ілгері тік бұрышқа көтереді; «4» - сол аяқтан оң аяққа секіреді; оң аяқ бұгулі болады және сол аяқты қағады.

Slide – сырғанау. Кез келген бағытқа адымдайды, табанмен еденде сырғанау арқылы орындалады [191, б. 81-86].

Мәнерлеп жүзудегі техникалық даярлық. Техникалық даярлық таңдаған спорт түрінің техникасын меңгеруге бағытталған және жалпы, арнайы

техникалық даярлық болып бөлінеді. Жалпы техникалық даярлықтың негізгі мақсаты спорттық тәжірибеде қажетті болатын қимыл дағдылары мен шеберліктердің ықтимал мүмкіндіктер ауқымын (қорды) кеңейту болып табылады. Арнайы техникалық даярлықтың негізгі мәні – жарыстық жаттығулардың техникасын меңгеруде [138, б. 10]. Мәнерлеп жүзу бейнелі қимылдар, арнайы қозғалу, «байламдарды» біріктіру, бұрандалы және айналмалы қимылдар, секірулер мен итеріп шығару және т.б. сияқты қимыл әрекеттерінің көптүрлілік деңгейімен ерекшеленеді.

Мәнерлеп жүзудегі техникалық даярлықтың арнайылығы спортшы қыз тек бейнелі қимылдардың, элементтердің және қосылыстардың жетілдірілген техникасын меңгеріп, оларды орындауда жеңілдік пен еркіндікке қол жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге осы қимылдарды белгілі қарқында және ырғақта, түрлі күш және қуаттылықпен, нақты геометриямен, жақсы биіктікпен, тыныс алудағы белгілі немесе максималды кідіріспен, кербез, мәнерлі және әсерлі етіп орындау шеберлігін меңгеруі қажет. Мұның бәрі техникалық даярлықтың қажетті деңгейін талап етеді, оған ұзақ уақыт бойы және жүйелі түрде шұғылданулар нәтижесінде қол жеткізуге болады [138, б. 12].

Жоғарыда айтылып өткендей, мәнерлеп жүзудегі техникалық даярлық жалпы және арнайы техникалық даярлықтардан тұрады. Арнайы техникалық даярлық өз кезегінде залда және суда болып екі бөлімнен тұрады. Келесі 3.3 бөліміндегі 4-суретте мәнерлеп жүзуші жас қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі даярлауда фитнес құралдарын пайдаланудың эксперименталды бағдарламасының құрылымы мен мазмұны берілген, онда мәнерлеп жүзудегі жаттығу үрдісінің негізгі құрамдастары айқын көрінеді.

Біз мәнерлеп жүзуші жас қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі даярлауда фитнес құралдарын пайдалану бағдарламамызда келесі құрамдастарды ішінара біріктірдік: 1) «зал» - ЖДЖ мен хореографиядан тұратын арнайы техникалық даярлық; 2) ЖДЖ, оның құрамына фитнес құрылғыларын пайдаланатын қолданбалы аэробика мен мәнерлеп жүзу элементтерінен тұратын жаттығулар кіреді. Фитнес құрылғыларын пайдалану арқылы жүргізілетін жаттығуларда жоғарыда келтірілген классикалық аэробика құралдарының біріктірілген түрі болып табылатын элементтер және мәнерлеп жүзу техникасының элементтерін меңгеру үшін қол жетімді, міндетті түрде музыкалық сүйемелдеумен орындалатын хореография элементтері қолданылды.

Жүзудің спорттық әдістерінің техникасын үйретудің негізгі міндеттері 1-3 БТ бастапқы даярлық кезеңінде шешіледі. 1-3 ОЖТ топтарында мәнерлеп жүзу бойынша бастапқы даярлық кезеңінде жүзу техникасын жетілдіру міндеттері қойылады. Денелік және техникалық даярлықтар бірегей оқу-жаттығу үрдісінің ажырамас бір бөлімі болып табылады.

Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлауда фитнес құрылғылары бар қолданбалы аэробиканы қолдану бағдарламасына осы кезеңде қолжетімді және қосымша жаттауды талап етпейтін жаттығулар енгізілді. Жаттығуларды орындау барысында


жаттықтырушы мәнерлеп жүзу элементтерінің орындалу техникасына бақылау жасайды. Әдістемелік нұсқаулар беріледі, қателер айқындалып, түзетіледі.

Максимова М.Н. [108, б.15] әзірлеген мәнерлеп жүзу спорт түрі бойынша даярлаудың оқу бағдарламасына сай, мәнерлеп жүзудегі даярлықтың негізгі құралдарына төмендегілер жатады:

- ЖДЖ кешені;
- шапшаңдықты, ептілікті, икемділікті және үйлесімділікті дамытуға бағытталған арнайы дене жаттығулары;
- арнайы жүзу даярлығы (спорттық жүзу әдістері, суға секіру және т.б.);
- хореография, көркем гимнастика, акробатика элементтері;
- мәнерлеп жүзудің арнайы жаттығулары.

Біздің эксперименталды бағдарламамыз даярлықтың барлық негізгі құралдарынан тұрады, сондай-ақ оның құрамына, хореографияның, көркем гимнастиканың және акробатиканың элементтеріне ұқсас, фитнес құрылғыларын қолданатын, қолданбалы аэробиканың элементтері кіреді, 7-сурет. Әзірленген бағдарлама арқылы біз мамандандырылған техниканың негізі болып табылатын негізгі есу, хореографиялық және акробатикалық қимылдарды меңгеру және жетілдіру үрдісінің жақсаруына ықпал етуге тырыстық.

Біздің экспериментімізге қатысушылар жасанаты бойынша 1-3 ОЖТ-на жататын 9 бен 12 жас аралығындағы жас спортшы қыздар болғандықтан, осы диссертациялық жұмыста ары қарай 1-3 ОЖТ оқу-жаттығу үдерісіндегі эксперименталды бағдарламаның мазмұнының сипаттамасы берілетін болады.



Сурет 7 - Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлаудың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын пайдаланудың эксперименталды бағдарламасының мазмұны

Мәнерлеп жүзуші жас қыздарды бастапқы мамандандырылу кезеңінде даярлаудағы негізгі құралдарға келесі спорттық даярлық түрлері жатады, олар әліппе тәртібі бойынша беріледі:

Акробатика.

1. Бастапқы қалып – бүгіліп тұрып, қабырғаға тіреледі, қолда тұрып, бір қолды сермеп, екіншісімен итереді.

2. Қолда тұрады (бетті қабырғаға қаратып), керілген тік күйде 30 секунд бойы тұрады.

3. Тура солай, бірақ қол білезігін кері қаратып (саусақтарды алға беріп) орындалады.

4. Тура солай, бір аяқты жанына қарай қойып орындалады.

5. Әріптестің сақтандыруымен гимнастикалық орындықта қолда тұрады (орындықтың шетін қолмен ұстап алады).

6. Тура солай, бірақ аяқтарды шатқа отырыс күйінде орындайды.

7. Өз бетінше қолда тұрады.

8. Дененің астынан қолмен ұстап тұрусыз жауырынға тұрады.

9. Қабырғаның қасында қолмен тұру күйінен аяққа салмақ салу күйіне түседі, одан әрі салмақты екінші аяққа ауыстырады.

10. Дөңгелек, өз бетінше орындалады.

11. Гимнастикалық көпір, аяқты алшақ қойып, бастапқы қалпынан өз бетінше орындалады.

12. Бір қолмен тіреп тұрып, кері қарай ақырын аударылып түседі.

13. Қолда тұру күйінен кері қарай аударылып түседі.

14. Өз бетінше кері қарай ақырын аударылып түседі (кері лақтырып аударады).

15. Қолда тұру күйінен көпірге тұрады және түрегеледі.

16. Қолда тұру күйінен екі аяққа көпірге тұрады және шапшаң қимылмен түрегеледі.

17. Қолда тұру күйінен бір аяққа түсіп, көмегімен түрегеледі.

18. Қолда тұру күйінен бір аяқпен көпірге тұрады.

19. Ілгері қарай ақырын аударылып түседі (ілгері қарай жылжи отырып).

20. Иілу күйінен кері гимнастикалық қабырға қарай санмен тұруға ұқсас қимыл жасайды.

21. Гимнастикалық қабырғада қолмен тұру күйінде иықтарды созады.

22. Өз бетінше ілгері қарай ақырын аударылып түседі (лақтырып аудару).

23. Бір аяқпен бұрылады, екінші аяқ тіреліп тұрады.

24. Бастапқы қалып – арқаны қабырғаға беріп бір аяққа тіреліп тұрады, екінші аяқ барынша артқа әкетілген және қабырғаға тірелген болады, тік шатқаотырыс.

25. Бастапқы қалып – оң тізеге тіреліп тұрады, сол аяқ жанына әкетілген болады; әріптестің көмегімен түзу шатқаотырысқа кереді, жамбас жылжымайтын күйде болады.

26. Бастапқы қалып – негізгі тік тұрыс немесе ілгері қимылдау. Ілгері қарай максималды амплитудамен үш рет сермейді (санақ 1-3), үшінші

сермеудің максималды биіктігінде аяқты төрт санак бойынша ұстап тұрып, ақырын түсіреді.

27. Тура осылай екінші аяқпен орындайды.

28. Тура солай кері қарай орындайды.

29. Тура солай жанына қарай орындайды.

30. Бастапқы қалып –гимнастикалық төсеніш төбешігіне арқамен тұрады (белге дейінгі биіктікте), қолдар жоғары көтеріледі; жамбас буынында бүгіліп, төсенішке ақырын түседі, бастапқы қалыпқа қайтады.

31. Бастапқы қалып – бетпен гимнастикалық қабырғаға қарап ілініп тұрады, аяқты кері әкетеді, бастапқы қалыпқа қайтады.

32. Тура солай жанына қарай орындайды.

33. Тура солай кезегімен бір аяқпен орындайды.

34. Бастапқы қалып – гимнастикалық орындықта көлденеңінен жатады, аяқтар бекітілген болады, қолдар жоғары – жанына қарай жартылай босаңсыған күйде көтеріледі. Ретімен денені көлденең күйге көтереді: бірінші иықтар мен басты, сосын қолдарды және т.б.

35. Орындықта көлденең жату бастапқы қалпынан денені қарқынды түрде көтереді, аяқтар бекітілген, қолдар бастың артында болады.

36. Тура солай көтерілудің ең жоғарғы нүктесінен жанына қарай бұрылу арқылы жасалады.

Жалпы жүзу даярлығы. Жүзуге және жүзудің, сөрелердің, бұрылыстардың, ең қарапайым суға секірудің техникасын түрлі әдістермен жетілдіруге үйрету жүзу пәніне арналған ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде сипатталған.

Арнайы жүзу даярлығы бастапқы мамандандырылу кезеңінде, осы спорт түрінің негізгі ерекше қасиеттері болып табылатын міндетті және техникалық элементтерді суда мәнерлеп жүзуші қыздардың орындауы.

37. Стандартты есумен шалқалап жылжиды, қолдар жамбас астында, баспен ілгері қимыл бағыты бойынша орналасады.

38. Тура солай, бірақ кері есумен, аяқтармен ілгері қимыл бағыты бойынша орындайды.

39. Тура солай, бірақ қолдармен алма-кезек еседі.

40. Шалқалап «пропеллер» стилді есумен жылжиды.

41. Тура солай, бірақ кеудемен орындайды.

42. Тура солай, бірақ қолдармен алма-кезек еседі.

43. Аяқтарымен ілгері тіреу есуімен қозғалады.

44. «Ковш» стилді ұзын есумен қозғалады.

45. «Каноз» стилімен қозғалады, беті суда болады.

46. Тура солай, бірақ беті судың бетінде болады.

47. Стандартты есулермен бұрыштарда қозғалады.

48. Тура солай, бірақ кері есулермен орындайды.

49. «Тік» күйінде қозғалады.

50. «Кран» күйінде қозғалады.

51. «Витязь» күйінде қозғалады.

52. «Тырна» күйінде қозғалады.

53. «Кері топтау» күйінде қозғалады.

54. «Шатқа отырыс» күйінде қозғалады.
55. «Тік күйінде қозғалады - кету – шығу.
56. Бетін алға қаратып, «эгбитэ» күйінде қозғалады.
57. Тура солай, бірақ қолдары жоғары көтерілген болады.
58. Арқаны алға беріп, «эгбитэ» күйінде қозғалады.
59. Тура солай, бірақ жанымен тұрады (оң жағымен, сол жағымен).
60. Судың бетінен секіріп шығу арқылы «эгбитэ» күйінде қозғалады.
61. Тура солай, бірақ 90^0 - 360^0 бұрылу арқылы орындайды.
62. Судың астынан секіріп шығу арқылы «эгбитэ» күйінде қозғалады.
63. Тура солай, бірақ солға – оңға бұрылу арқылы орындайды.
64. Тура солай, бірақ қосымша итеру арқылы орындайды.
65. Тура солай, бірақ жоғары – жанына қарай орындайды.
66. Тура солай, бірақ солға – оңға бұрылу арқылы орындайды.
67. Басын көтеріп, аяқпен кеудеде жүзіп қозғалады.
68. Бүйірінде аяқпен кеудеде жүзіп қозғалады.
69. Кеудесінде судың астында аяқпен жүзіп қозғалады.
70. Әртүрлі түрленуде жұптасып қозғалады.
71. Жазықтықта бейнелі қозғалыстар жасайды, топ ішінде солға-оңға бұрылады.

72. КК 1.6 тік балеттік аяқ.

73. КК 1.9 барракуда.

74. КК 1.9 бір адым кері.

75. КК 1.8 балерина.

76. КК 1.6 кип.

77. КК 2.0 семсер балық.

78. КК 2.1 аққу.

79. КК 1.5 тамшы.

80. Солға-оңға бұрамалр –«тік» ұстанымында 90^0 - 360^0 қозғалады.

Хореографиялық даярлық. Хореографиялық даярлық мына бөлімдерден тұрады: базалық даярлық, бейіндік даярлық, композициялық сипатты даярлық (қойылымдық).

Базалы даярлық – бұл хореографияның арнайы сабағы, оған таяқтағы, ортасындағы экзерсис, аллегро (секірулер) жатады.

Бейіндік даярлық – құрылымы бойынша тектес қимылдарды меңгеру (мысалы, «балеттік аяқтарына», «тырнаға», «кранға» және т.б. ұқсас).

Композициялық сипатты даярлық – бұл музыкалық материалды меңгеру, музыкалық сүйемелдеуді таңдау, музыкалық материалға сай қимылдар жиынтығын сынау.

Хореографияда сабақтар мыналарға бөлінеді:

1. Үйретуші. Үйретуші сабақтың негізгі міндеті – хореографиялық даярлықтың жаңа элементтерін меңгеру болып табылады (айына 2 рет 45 минуттан – ОЖТ -1).

2. Жаттықтырушы. Жаттықтырушы сабақтың негізгі міндеті – өтілген материалды бекіту болып табылады. Жаттығуларды таңдау және өлшерлеу –

хореографиялық дайындықтың нақты міндеттеріне сай жүзеге асырылады (айына 6 рет 45 минуттан – ОЖТ -1).

3. Бақылаушы. Бақылаушы сабақтың негізгі міндеті – хореографиялық даярлықтың кезекті бөлімінің меңгерілу нәтижелерін шығару болып табылады (оқу жылына 2 рет).

Мәнерлеп жүзу бойынша ОЖТ-да хореография сабақтарында қолданылатын негізгі құралдардың жиынтығы мынадай болып келеді:

- жартылай жүрелеп отыру – демиплие (demiplier);
- жүрелеп отыру – гран плие (grand plie);
- аяқты ұшына қою – батман тандю (battement tendu);
- 45⁰ биіктікке сермеу – батман тандю жэтэ (battement tendu jete);
- бір аяқпен жүрелеп отыру, екінші аяқ тобыққа бүгіліп қысылған – батман тандю (battement tendu);
- еденде аяқпен шеңбер жасау – рон де жамб пар терр (rond de jambe par terre);
- аяқ бүгілген, тізе жан-жаққа қаратылған, аяқ ұшы тіреу аяғының тобығында (алдыңғы немесе артқы жағында) – сюрле ку де пье (surlecoup-de-pied);
- жартылай саусаққа көтерілу – релеве (releve);
- аяқтарды 90⁰ немесе одан жоғары сермеу – гран батман жэтэ (grand battement jete);
- аяқпен ілгері, жанына қарай, кері, жанына қарай – «айқыштап», ілгері қимылдар жасау;
- аяқпен кері, жанына қарай, ілгері, жанына қарай – «айқыштап», кері қимылдар жасау;
- аяқты ілгері, жанына қарай, кері көтеру – батман девлоппэ (battement developpe).

3.3 Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасын қолдану сабақтарының құрылымы мен ұйымдастырылуы

Мәнерлеп жүзу бойынша БЖСМ-дегі жаттығулар оқу-жаттығу сабағы түрінде құрылады. Сабақтардың ұзақтығы айналысушылардың жасы мен спорттық біліктілігіне байланысты болады. Жас мәнерлеп жүзушілердің әрбір жаттығуы, спорттың басқа түрлеріндегідей, дайындық, негізгі және қорытынды болып үш бөлімнен тұрады. Сондай-ақ, сабақтың үзінділік құрылымы мәнерлеп жүзудің өзгешелігіне (әрқайсысын 10-20 минуттан жеке логикалық аяқталған кезеңдерге бөлу) жатады. Төменде мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасын қолдану бойынша сабақтардың құрылымы мен ұйымдастырылуы берілген.

Сабақтың даярлық бөлімі әдетте 4 үзіндіден тұрады, сабақтың бұл бөлігінің негізгі міндеті тірек-қимыл аппаратын өте қарқынды жүктемеге даярлау болып табылады. I үзінді – қызықтырушы – билеу-жүгіру, оның құрамына: саптық жаттығулар, ЖДЖ, қол, иық белдеуі, дене және аяқ бұлшық

еттеріне арналған жаттығулар (кұрал-жабдықтармен және оларсыз); төмен екпінді қарқындылықпен аэробиканың базалық адымдары пайдаланылған фитнес-тренажерларындағы жаттығулар кіреді.

II үзінді – бой қыздыратын жаттығулар: ЖДД - созылғыш бинттермен, гантелдермен фитнес-тренажерларындағы жаттығу, ЖДД элементтерін жылдам тәртіппен орындау, икемділікке арналған жаттығулар. Сонымен қатар, оған базалық төзімділікті, шапшаңдық қасиетін дамыту (орташа және қысқа қашықтықтарға жүзу) бойынша жүзу даярлығы жатады.

III үзінді – тепе-теңдіктік-айналмалы даярлығы. Хореография – классикалық экзерсис, халық және заманауи билерінің элементтері, залда музыкамен ерікті композицияларды есептеу; Акробатика – залда және суда акробатикалық элементтерді жетілдіру, күрделі трюкті элементтерге даярлық және оларды суда орындау;

IV үзінді – секіру даярлығы: судағы АДД және ТД – суда арнайы жылдамдықпен жылжу, техникалық және ерікті бағдарламалардың элементтері, айналмалы элементтер, итеру, секіру, суда ауыр жабдықтармен жаттығу жасау.

Бой қыздыру кезінде балалардың ЖСЖ 140-150 соғу/мин-қа дейін көтеріледі, кейіннен осы тәртіпте сабақтың негізгі бөлігі жүргізіледі.

Сабақтың негізгі бөлігі әдетте 2-3 үзіндіден тұрады, ол жүзу көпсайысының белгіленген түрлеріне немесе сабақтың негізгі міндеттеріне байланысты. Мысалы, жүзу көпсайысының екі түрімен жоспарлы жұмыс кезінде:

V үзінді – көпсайыстың бірінші түрі: жамбас, тізе, табан буындары мен омыртқа жотасының икемділігін дамытуға арналған арнайы жаттығулар (сермеу жаттығулары, арнайы керу). Ептілік пен қимыл үйлестіруді дамытуға арналған арнайы жаттығулар: ассиметриалы жаттығулар, басқа спорт түрлерінен алынған ең қарапайым жаттығулар. Мәнерлеп жүзудің негізгі жайғасымдары (шалқалап, кеудеде, бүйірде, топтасу арқылы, тізені бүгіп арқамен (жартылай балеттік), екі балетті аяқпен орындалатын бейне), арнайы есулер (стандартты есу, кері есу, пропеллер, каноэ, бүгілген, ковш, орнату есуі, тірек есуі). Тыныс алу гимнастикасы: қимылсыз кезде және қимылды орындау кезінде дем ұстап тұру. Спорттық жүзу, суға секіру, жүзудің спорттық әдістерінің техникасын меңгеру: кеудеде жүзу, шалқалап жүзу, брасс, баттерфляй, эстафеталық жүзу.

VI үзінді – көпсайыстың екінші түрі: мәнерлеп жүзудің негізгі есулерінің техникасын үйрету (жалпақ, стандартты, кері есулер техникасы). Мәнерлеп жүзудің негізгі жайғасымдары: шалқалап, кеудеде, бүйірде, топтасу арқылы, тығыз топтасу арқылы, бүгілу арқылы. Арқамен жылжу: стандартты есу, кері есу, пропеллер, кері пропеллер. Кеудеде жылжу: пропеллер, кері есу, каноэ, бүгілген, ковш.

Даярлық кезеңдерінің талаптарына сай келетін мәнерлеп жүзудің бейнелі қимылдарын үйрету: «Тік балеттік аяғы», «Барракуда», «Кері адым», «Балерина», «Кип», «Семсер балық», «Аққу», «Тамшы». Көлденең және тік жазықтықтарда тірек есуіне үйрету (бір орында және қимыл кезінде). Есу техникасын, негізгі ұстанымдарды, арнайы жылжуларды және қарапайым

бейнелі қимылдарды үйретуге арналған жаттығулар. Кең таралған қателерді талдау және оларды түзету әдістемесі.

Сабақтың қорытынды бөлімі әдетте икемділікке, үйлесімділікке, статикалық–динамикалық тұрақтылыққа және ептілікке арналған жаттығуларды қамтиды. Босаңсу қимылдары қолдармен, денемен еңкею арқылы орындалады. Босаңси білмеу қимыл–қозғалыс үйлестірімділігінің нашар екендігінің белгісі болып табылады. Бастапқы даярлық кезеңіне көбінесе қимылды ойындарды пайдалану арқылы ойын түрінде қорытынды жасалады.

Әзірленген бағдарлама бойынша сабақтарды жүргізу кезінде жаттығуларды ұйымдастырудың жаппай түрін қолдануға кеңес беріледі (сурет 8).




Сурет 8 – Жаттығуларды жаппай ұйымдастыру түрі

Сабақтарды ұйымдастырудың мұндай түрін пайдалану кезінде залдағы жаттығушылардың да, жаттықтырушының да орналасуы өте маңызды. Жас спортшылар сапқа тұрғызылуы керек, жаттықтырушы залдың ортасында, саптың алдында тұрады. Жаттығуларды жаппай ұйымдастыру түрі кезінде жаттығушыларды жинақылыққа үйрететін айтарлықтай маңызды фактор – ол залдағы айналым: саптардың орналасқан жерін ауыстыру, ортада және шеттерінде тұрғандардың орын ауыстыру болып табылады.

Төменде, 9-суретте, мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарға бастапқы мамандандырылу кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасын қолдану арқылы жүргізілетін оқу-жаттығу сабақтарының жалпы сызбасы келтірілген. Қолданбалы аэробика элементтерін пайдалану мәнерлеп жүзудегі

оқу-жаттығу сабақтарының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жаттығу үрдісінің жалпы желісімен табиғи үйлеседі.



Сурет 9 – Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды оқу-жаттығу сабақтарының бастапқы мамандандырылу кезеңіндегі жалпы сызбасы

Сәйкесінше, мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылуы кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бойынша ұсынылған бағдарламасын қолдана отырып жүргізілетін сабақтардың жобалы, әр сабақтық жоспары 18-кестеде көрсетілген.

Кесте 18 - Мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздардың бастапқы мамандандырылуы кезеңінде фитнес құралдарын пайдалану бойынша ұсынылған бағдарламаны қолдана отырып жүргізілетін сабақтың жобалы жоспары

№ р/б	Сабақ	Уақыт мин.
Зал (45)		
1	Бой қыздыру	5
2	Жүгіру	5
3	ЖДЖ кешені	15
4	Фитнес тренажерларда орындалатын жаттығулар (жаттықтырушы дәл сол кезеңде жетілдіруге қажетті болған жаттығулар бойынша олардың түріне қарай жүктемелерді үйлестіруді, ептілікті немесе икемділікті дамыту үшін өзі бөліп береді:)	20
Су – бассейн (60-90мин) (судағы жаттығуларды айналысушылардың топтары бойынша, сондай-ақ БЖСМ сабақтарының оқу бағдарламасына сай жаттықтырушы реттейді)		
1	Бой қыздыру (элементтер бойынша түрлі әдістермен жүзу) 8 рет x 25 м.	10-15
2	2 x 25 м. тақтайшамен бірге аяқтармен кеудеде жүзу	5
3	2 x 25 м. қолмен жүзу – аяқтар бекітілген	5
4	4x 12,5 м. (12,5 эгбитә стилінде қозғалу, 12,5 жоғарыға қарай екі балетті аяқпен орындалатын бейне жасау)	10
5	4x 12,5 м. (12,5 басын көтеріп жүзу, 12,5 эгбитә стилінде)	10
6	Бассейн жиегінде тыныс алу гимнастикасын жасау	5
7	Мәнерлеп жүзудің бейнелі қимылдарын үйрену және жетілдіру (аяқтармен төмен қарай бату, кран, фламинго, тырна және т.б. көлденең ұстанымдарды орындау)	20-30
8	Еркін жүзу	5

Мәнерлеп жүзуші жас қыздарға бастапқы мамандандырылу кезеңінде қолданбалы аэробиканың элементтерін қолдану бағдарламасы, БЖСМ оқу бағдарламасына сәйкес, оқу жылының қыркүйек айынан маусым айына дейінгі кезеңге есептелген.

Қолданбалы аэробика оқу-жаттығу сабақтарының аясында аптасына ұзақтығы 60 минуттан 1 рет өткізіліп отырды. Зерттеу экспериментінің кезеңдері төменде 19-кестеде көрсетілген.

Ұзақтығы 22 сабақтан тұратын эксперименттің бірінші кезеңі бес ай бойы, қыркүйек айынан қаңтар айына дейін жүргізілді және бұл жерде хореографияның жеңіл түрі бар қолданбалы аэробиканың негіздемелі адымдарын меңгеруге көп көңіл бөлінді. Бұл кезеңнің міндеті жаттығуларды фитнес құрылғыларында, соның ішінде Bosu платформасында орындауды

ұйымдастыру мен үйретуде болды. Әзірленген кешендер мәнерлеп жүзу техникасының элементтерінен (балет, тырна, кран және т.б.) құралды.

Кесте 19 – Зерттеу экспериментінің кезеңдері мен мазмұны

Кезеңдер	Эксперимент мерзімі	Бақылау тобы	Эксперименталды топ
1-ші сынақтан өткізу			
1	Қыркүйек-қаңтар	БЖСМ бағдарламасы бойынша сабақтар	Жаттығу үрдісіне фитнес қондырғыларын қолдана отырып, фитнес құралдарын пайдалану бағдарламасын енгізу. Негіздемелі адымдарды қолдана отырып, қолданбалы аэробика элементтерін пайдалану.
2-ші сынақтан өткізу			
2	Ақпан-маусым	БЖСМ бағдарламасы бойынша сабақтар	Қолданбалы аэробиканың, хореографияның және мәнерлеп жүзу элементтерін үйлестіру. Үйлесімділік қабілеттілігіне, ептілігіне және икемділігіне жоғары талаптар қоятын бағдарламаларды пайдалану.
3-ші сынақтан өткізу			

Ұзақтығы 22 сабақтан тұратын эксперименттің екінші кезеңі де бес ай бойы, ақпан айынан маусым айына дейін жүргізілді. Бұл кезеңнің міндеті берілген ырғақта музыкалық сүйемелдеумен орындалатын мәнерлеп жүзу техникасының элементтерімен бірге күрделірек болып келетін хореографияны меңгеру болды.

Біз бағдарламамызда мәнерлеп жүзуші жас қыздардың дене қабілеттерінің құрылуы мен олардың даярлықтың осы кезеңімен сәйкес келетін мәнерлеп жүзудің техникалық элементтерін орындауын қатар алуға тырыстық.

Төменде, 20-22- кестелерде, 1-3 ОЖТ-на арналған БЖСМ-дегі оқу сағаттарын бөлудің жылдық жоспар-кестесі берілген, оны спорттық мекеме оқу сабақтарын өткізу кезінде басшылыққа алынады. Сәйкесінше, мәнерлеп жүзуші жас спортшы қыздарды даярлаудың оқу-жаттығу барысында фитнес тренажерларын пайдалана отырып, қолданбалы аэробиканың элементтерін енгізу кезінде оқу сабақтарын бөлу жоспар-кестесі спорттық жаттығудың жеке бағыттары бойынша біршама түзетілетін болады.

